

Ғалым Малдыбаев



ҚЫРЫМ ҚЫЗЫ



ҒАЛЫМ МАЛЫБАЕВ

ҚЫРЫМ ҚЫЗЫ



ӨЛЕҢМЕН ЖАЗЫЛҒАН РОМАН

„ГАЗЕТНЫЙ ДВОР“ ЖШС БАСПАСЫНДА ТЕРІЛДІ
ЖӘНЕ БАСЫЛДЫ. ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫ.

2022 Ж.

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Қаз)-5

М17

ISBN 978-601-322-596-8

Фалым Малдыбаев. Қырым қызы. Петропавл, 2022 ж.

Жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы жылдарында қазак жазба әдебиетіне тыңдан келіп қосылған жас Фалым Малдыбаев поэзия әлеміне кең құлаш сермеді. Алғашқы жыр жолдары баспа бетін көрісімен есімі елге мәлім бола бастады. Ал, 1932-34 жылдар аралығында Қырымда дем алған ақын осы өнірге тараған аңыз-әңгіме негізінде «Қырым қызы» атты роман-поэма жазып, қазак оқырманын дүр сілкіндірді.

«Қырым қызы» тағдырлы да, шиеленіс оқигалы да, талантты шығарма. Ақын ұлт азаттығы мен тәндікті, достық пен махабаттың туын биікке көтере отырып, қазак поэзиясының құдірет – қүшін таныта алды. Кезінде мектеп оқулығынан орын алған шығарма, ақынның атын асқақтатып, беделін биіктете түсті.

Оқырман қауымға жол тартқан «Қырым қызының» жана басылымы әркімге рухани азық бола алады.

Бұл басылым ақынның тұғанына 120 жыл толуына байланысты жарық көріп отыр.

АҚЫН ТУРАЛЫ АЛҒЫ СӨЗ

СӘБИТ МҰҚАНОВ

Қазақстан Жазушылар одағының
мүшесі, қоғам қайраткері, академик

Алғашқы сүрлеуін Сакен Сейфуллин Октябрь күндерінде салған қазақ совет әдебиетінің кадрлары тек советтік дәуірде гана көбейді, солардың елеулілерінің бірі Фалым Малдыбаев.

Сол кездегі өзге қаламдастары сияқты Фалым да тек ақын смес, ол қоғам қайраткері де.

«Қайраткер» дейтініміз орыстың өткен ғасырдағы данышман ақыны Н.А. Некрасов айтқандай Фалым советтік социалистік дәуірдің әдебиеттік істерінен басқа да толып жатқан жүйелеріне ат салысты.

Мысалы, ол жиырмасыншы жылдар ішінде Ақмолада шыққан «Жаңа Арқа», Оралда шыққан «Қызыл Ту», Керекуде (Павлодар) шыққан «Колхоз», Баянда шыққан «Ленин жолы», Балқашта шыққан «Балқаш жұмысшысы» газеттерінің бірінен соң бірінде үздіксіз редактор болып қызмет атқарды. 28-ші жылы «Социалистік Қазақстанның» онтүстік облыстарындағы тілшісі болды.

26-шы жылдан Коммунистік партия қатарына кіріп, барлық істерінде осы партияның идеясын жүзеге асырудан тайынған жоқ.

Ол қысқа өлең түрінде де, поэма түрінде де жазды. Солардың ішінде «Қырым қызы» сияқты әдебиет тарихынан орын алғандары аз емес.

Қоғамдық істерінің ішінде Фалым қазақ совет әдебиетінің кадрларын өсіруге де елеулі еңбек сінірді. Мысалы: Қызылжардағы шақтарында Есмагамбет Үсмайыловтың, Баянауылда - Дихан Әбіловтың, Оралда – Фабдол Слановтың, Ақмолада – Сейітжан Омаровтың, тағы бірнеше жастардың әдебиетке келуіне себепкер болды.

2008

ДИХАН ЭБІЛЕВ Қазақстан халық жазушысы

Казіргі Солтүстік Қазақстан, Кокшетау, Ақмола, Караганда,

Жезқазған бес облыс. Ол тұста бір-ақ облыс – Караганды облысы болатын. Орталығы Петропавл – Қызылжар қаласы.

Ол жылдарда бұл аймақтың мәдени орталығы да осы Қызылжар қаласы. Қоркем әдебиеттің ең көрнекті сұнқарлары Мағжан, Сәбит,

Мәжит, Әбдірахман Айсарин, Ғалым Малдыбаев, Абдолла Сәдуақасов,

Жүсіп Алтайбаев облыстық газетте («Ленин туында»), баспада қызмет етіп жүріп көркем сөз көрігін сұытқан емес-ті. Ғалым үйымдастырыған «Қараганды қаламы» альманахының негізгі авторлары да осылар. Альманахтың инициаторы Ғалым еді.

Қарагандыға шығармашылық сапармен бара жатқан Қызылжарда болған Бейімбет Майлинді, Москвада «Красный профессурада» оқып жүріп жазғы демалысқа келген Сәбит Мұқановты бірінші көруім, кездесуім Ғалымның үйінде болған еді. Ғалым мені екеуіне

де жайсаң мінезімен жақсылап таныстырыды.

Би ағаң да, Сәбен де менің азын-аулак жарияланған шағын-шағын шығармаларымды естеріне түсіріп, ағалық мейірбапдық білдірді.

Коңілім коктегендей сезіндім.

Сәбит ага Ғалым ағаның талантын, ақындығын жоғары бағалайды.

Сол ушінде оның жоғарғы білімді болуын жөн көреді, қызметті қоя тұрып, оқып алуын қалады. Ғалым құп көріп, Сәбит облыс басшылары обкомның бірінші хатшысы Амосовпен, екінші хатшысы Садық Нұрпейісовпен сойлесіп, Ғалымның Москваға баруын шешісіп берді. Сойтіп, Ғалым сол жылдың күздінде Москваға коммунистік журналистер институтына оқуға кетті.

Біраз жылдардан, кейін көзделескенімізде Зураштан перзент көре бастағанын айттын, ақ жанды ақын Ғалекен менен

сүйінші сұрағандай болған еді. Бұнысын тәнір де құпталты. Қазір Фалымның сол сүйікті Зурашынан туған Ақбаян, Шашубай, Абай, Элия, Алма, Алтай, Шәкіrbай, Фалия, Сәбит деген тоғыз толқын үлдары мен қыздары бар. Бұларының бірі ләрігер, бірі журналист, бірі ғалым, бірі студент азаматтар-әке үмітінің жарық жүлдyzдары. Облыстық «Ленин туы» газетінің 1992 жылғы 13 мамырдағы санында:

Атыңдан айналайын Ақбаяным
Фалымның дәрігер қызы деп атанған!

Немесе:

Тағы да айналайын Шашубайым,
Келістің сен туған соң менің жәйім.
Жасынан папасының жолын қуған,

Балама жан-жүргегім тұrap дайын! – деген шумақтармен басталатын «Балаларыма-құлындарыма» деген арнау жыры барша балаларының сыр-сипатын көз алдыма мөлдіретеді.

Міне, Фалым осындай жаны ізгі, ақылы алғыр, парасатты ісргер ақын еді.

Менің ұстазым Фалым Малдыбаев қазақ поэзиясының негізін қаласқан санлақ ақын-Эсіреле, тарихи шындық шырындарын шырайлы өрнектеген жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінде жазған «Қырым қызы» поэмасы қазақ поэзиясының эпикалық жанрында Сәбиттің «Сұлушашы» мен Иса Байзаковтың «Құралай сұлуымен» тетелес деп тапууымыз керек. Ал, «Ақ келін» поэмасындағы: «Ақылына ай жүзіп, күн сұнгірген ару ана»- Ақ келін бейнесін тарихи мақтанышымыз етерлік бейне етіп сипаттаған. Ал, «Қажымұқан» поэмасында қазақ халқын дүниежүзіне паш стікен тенденсіз балуан Қажымұқан тұлғасы оқырман жанын сүйісіндіретін поэма.

Осы тәрізді, «Қорқыт батыр», «Сарыарқага саяхат», «Шах-ісер» поэмалары да Фалым ақынның бірегей өрнектенген тұнындылары.

МЫРЗАТАЙ СЕРГАЛИЕВ
Филология гылымының докторы
Каз МУ-нің профессоры

Фалекен таланттардың әдебиетке келуіне көп көмегін тигізген үстаздық қызмет те атқарды. Сонау 30-жылдардың өзінде жас ақындардың өлеңдерінен «Қызыл Баян» (1932), «Қарағанды келе жатқан Фалым қаламы» (1933) атты жинақтарды құрастырып шығарды. Халқымызға танымал болып қалған талай ақындар мен прозаиктер, ғалымдар Фалекенді үстаз, аға тұтады. «Әдебиет әліппесін үйреткен Фалекен» -дейді белгілі прозаик Зейтін Ақышев. Ақындар Дихан Эбілев, Қалижан Бекхожин.

Фалым Малдыбаевтың ағалық ақылын тындалап, әдеби жолды біржола қалап алғандар.

1926 жылдан бері Ленин партиясының қатарында келе жатқан Фалым ағаның адамгершілік қасиетінің өзі кімге болса да үлгі. Өмірлік жолдасы Зураш шешеймен екеуі он бала тәрбиелеп, үядан үшырып отыр. Фалекен бұл күнде өзі дүниеге келген Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеевка ауданының орталығы Сергеев қаласында тұрады. Жасының үлғайғанына қарамастан, қолына қаламын алып, қарт жүрек түйген әсерлерді қағаз бетіне түсіріп қояды. Ақын бір өлеңінде:

Мен де елімнің тынымыз бір ұлымын,
Сол ел үшін бар тілегім ұғымым,
Көркейе бер, гүлдене бер әрдайым,
О, қадірлі менің алтын тұғырым!- деген еді.

Осы тілекті сол озіне айтқанымыз макұл болар.

МҰҚАШ ЕЛЕУСІЗОВ

Экономикағылымдарының докторы, профессор

«Ұстаздық еткен жалықпас» атты кітабынан...

Бұл 1937 жыл болатын. Алматыда тұратынын еститінін. Бір күні сабактан үйге келсем, жүзі таныс, бірак сақал-мұртын өсіріп жіберген бір орта жастағы кісі отыр екен, бейтаныс адамша сәлем бердім. Қолымды қысып тұрып: «Мұқаш-ау, шынында мені танымай тұрсың гой», - деп бетімнен сүйді. Даусынан тани қалдым да, шынымды айттым, кірген бетте «бөтен біреу ме» деп күдіктенгенім рас еді.

Кешке қарай Фалекен : « Жүр, Мұқаш, аздап бой жазып келейік», - деп, далаға ертіп шықты. Үй сыртында ағаш ішімен жүріп келеміз.

«Ал, енді мен саған осы жаққа қалайша келгенімнің себептерін айтайын», -деді Фалым аға. – Өзің де байқап жүрген шығарсың, елімізде ауыр кезең басталды. Ел ішінде жаңа өмір салтына қарсы шыққан ағым бар деген желеумен, қазір « халық жауларын» іздестіру басталды. Қай жерде болмасын халқымыздың бетке ұстайтын белгілі азаматтарын шетінен ұстап, лақап жазамен сottап жатыр. Ең аяғы өзіміздің ауылдан да үш-төрт

«халық жауын» тауыпты дегенді естідім. Олардың бір-екеуін өзің де білесің, мектеп директоры Жандостын Сәдуақасын, ауылдағы колхоздың ұстасы Балғаранын Сейітқазысын ұстап алып кетіпти.

Осы «науқан» басталғалы Жазушылардың біразы ұсталды. Менің жақын жүретін досым, жерлесім Сәбит Мұқановты да тексеруге кірісе бастапты. Сол кісінің ақылымен мен осында уақытша жүре тұруға келген жағдайым бар. Ал, саған ескертірім, менің аты-жөнімді сұрағандарға, «білмеймін, әкемнің іш жақта тұратын нағашысы дей сал», -деді.

Сөйтіп, Қазақстанның белгілі жазушысы, жүртқа аныз болған «Қырым қызы» поэмасының авторы, өзіміздің ағамыз

Фалым Малдыбаев «бейтаныс» нағашы боп жүре берді.



БАҚЫТ МҰСТАФИН

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Асыл сөздің құдіреті қашанда бірден баурап, ақынға деген ілтифатынды, бар ықыласынды жарқыратып, жайып салады-ау!

Ақын Галым Малдыбаев тұратын Ленин ауылының көшесіне іліккенде-ақ сондай сезімге еріксіз бөлениесіз. Қаламгердің күйлі жырлары қекірегінізде сырлы пернелерді басқандай болады. Сол бір қадірлі жанға жеткенше асығарының және анық.

....Жетпістің желісіне ат байласа да көріліктің қоңыр отауына әлі кіре қоймаған ақын ағамыз есіктен кіргенімізде – ак қабағы жадырап, күлімсіреп қарсы алды.

– Ә, «Ленин туы» амансындар ма? – дейді куанышты көңілмен. Осы бір амандық-сәлемде өзгеше жылышық бар. Ия, «Ленин туы» Фалекеңнің алтын босағасы іспетті. Ақынның алғашқы өлеңдерінен бастап, жаңада сиясы кепкен тың дүниеліктеріне дейін осы газеттің бетінде өз оқырмандарының жүргегіне жол тапты. Газет те, Фалекен де жарты ғасырдан аса достас, сырлас.

- Біз ақынға жетпіс жылдық торқалы тойы қарсаңында газет окушыларының көп құттықтау жолдайтынын айттық.



МҰТӘЛЛАП ҚАНФОЖИН **Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі**

Қазақтың көрнекті ақыны Фалым Малдыбаевтың есімін бүкіл республикаға мәшіүр еткен - оның атақты «Қырым кызы» дастаны. Ақынның бұл шығармасы Мағжанның «Батыр Баяны», Сәкеннің «Көкшетауы», Сәбиттің «Сұлушашы» секілді поэмаларынан кейін іле жазылған ақындық жарыс нәтижесі іспетті болған. Бұл атамыш дастан - казак әдебиетінің алтын қорына қосылған біртуар туынды. «Қырым кызы» мазмұн-мәні, сюжет құрылымы, тіл көркемдігі, жалпы поэтикалық құндылығымен дараланды. Бұл шығармага бүндай жоғары лепті бағаны жалғыз мен ғана беріп отырған жоқпын, менен бұрын да дүлдүл ақындар мен сарапшылар осы бағага кол қойысқан. Менікі, сол ойларды бүгінгі үрпақ-қа жеткізу.



ЗЕЙНОЛЛА ЭКІМЖАНОВ Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын

Сәбит Мұқановтың мына бір лебізіне деңгейінен қоялық: « 1922-1923-ші жылдардың деңгейінен бастап Шолпан Иманбаева, Жақан Сыздықов, Фалым Малдыбаев, 1924-25 жылдардың деңгейінен бастап Қалмақан Әбдіқадіров, Асқар Токмамбетов, 26-27 жылдардың деңгейінен бастап Габит Мұсірепов, Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев, 1930 жылдардың деңгейінен бастап Фали Орманов, Жұмағали Сайн, Қасым Аманжолов, Әбу Сарсенбаев, тағы солардай шын мағынасындағы Жазушылар шықты» деп жазады ол «Өсу жолдарымыз» деген әйгілі кітабында.

ЖАНАР ТАЛАСПАЕВА
Филология ғылымының кандидаты, доцент,
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті

Осындай алыптардың ізін басып, олармен бірге халық мұцины, халық қуанышын жырлап, шабыт туын көтерген ақын-Жазушылардың ортасында Фалым Рахметұлы Малдыбаев болды.

Ақын шығармашылық өмірінде көркем әдебиеттің әр саласына араласып, туған әдебиетіміздің барша жанрының дамуына сеп тигізіп, ат салысқан. Атап айтқанда алғаш әдебиетке қысқа өлеңдермен келген ол, поэма жанрын менгере жүре, драмалық шығармалар жазып, сын-сықақ жанрының қазақ әдебиетінде дамуына қызмет еткен болатын. Қазақ әдебиетінің көгінде өмір

бойы жемісті енбек еткен ақынның қаламынан біршама сүбелі туындылар «Қырым қызы», «Батыр туралы жыр», «Ақ келін», «Шахтер», «Ана әнгімесі», «Қажымұқан», «Қошан карттың әнгімесі», «Жиырма сегіз батыр», «Көрүғылы», «Қорқыт батыр», «Сарыарқага саяхат» т.б. оқырман қауымнан лайықты бағасын алған. «Фалым Малдыбаевтың қай поэмасын алсаныз да, ерлікті, батырлықты, батылдықты шабыттана жырлайтыны рас.

Ол поэмалардың кейіпкерлері ары таза, сезімтал жандар болып келеді. Ақынның туындыларының қай-қайсысы да сюжеттік шығармаларға жатады, демек, автордың жүйелеп үтар ситуациялары бар, шешім бар. Қайсыбір поэмаларын өлеңмен жазылған роман деуге де болатындей». [1.60б.]

Казіргі тіл білімінде адамзат қауымының ғасырлар бойғы тіл арқылы дүние бейнесін тануға ұмтылған талабына келіп, шындық болмысты танудың белсенді формасы болып табылатын тілді тұтынушы, дүнинетаным өзегі – тілдік тұлғаны зерттеу проблемасы бой көтерді. Осы текстес жұмыстардың антропоөзектік бағытына сәйкес ұлттық мәдени құндылық ретіндегі ұлттық тілдік мұраны, ұлттық ділді, ұлттық психологияны терен менгерген

Е.Малдыбаевтың тілдік тұлғасын зерттеу – ұлттық болмыс пен халықтың дүниетанымын тануда маңызы зор.

Ақын әдеби тіліміздің баюына, жетілуіне, соның ішінде көркем әдебиет тілінің, бейнелі тілдің өзіндік қолтаңбамен молығуына зор үлес қости. Оның қаламынан ұлттың жанына жақын небір өлең-жырлар, поэмалар туды. Соның барлығына ұлттық тілдің көркемдік бояуы өшпеген, өзіне тән көркемдік мәнермен баяндалған күйге жетті.

Ақынның поэзиялық мұралары қазақ поэзиясындағы өзінше бір көркемдік әлемді қалыптастырган – үлкен бір белес.

Бұлайша бағалауымызға ақынның поэзиясының тілі, ондағы көріктеу құралдарының қолданылу ерекшеліктері негіз болады.

Суреткердің тілдік-мәдени құзіреті оның поэтикасынан көрінеді. Егер тілдік тұлғаның каруы – сөз, жан-дүниесі - өз ұлтының, халқының аяулы перзенті бола алуды десек, ақын осы талаптардың қайсысына болсын толық жауап берे алатын, соған сай шебер қаламгер ретінде бағалаймыз. Оның қаламынан ұлттың жанына жақын небір өлең-жырлар мен поэмалар туды.

Қаламгер ақындығының бастау көзі – халықтық жырдастандар, хиссалар болды. Халықтық дәстүрлі поэзиялық қолданыстар ақын өлендерінің көркемдік негізін құрады десе де болады. Ақын өзінің поэмалары мен лирикалық өлендерінде қазақ халқының дәстүрлі сөз өрнектерін шеберлікпен пайдаланып отырган. Авторлық көркемдік ізденистер мен дәстүрлі қолданыстар жымдаса өріліп, ақын өлендерінің көркемдік бейнесін нығайтады.



ЖАҚСЫБАЙ САМРАТ **Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.**

Халықтың рухы жаншылмаған XX ғасырдың басында Солтүстік Қазақстаннан дарын қуаты зор біршама өнер иелері шыққанын жақсы білеміз. Әсіріce, иісі қазаққа танымал ақын-Жазушылар, сазгерлер шоғыры үлкен еді. Ертеректегі Кожаберген жырау, Серіз сері заманына бармай-ақ, XIX ғасырдың ағы мен XX ғасырдың басындағыларды ғана сашамалап өтер болсақ, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Магжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мұсірепов, Иван Шухов есімдері бар қазаққа етene таныс, Олардың еңбектері барлық халқымыздың жүргегіне жеткен.

Жерлестері олардың есімдерін орынды мактаныш етеді. Орине, мол сулы, құнарлы жер болмаса, шөлейт, ащылы, жерге тойымды көк шықпайтыны сияқты осынша дарабоз дарындарды берген өлкеде аса танылмаған есімдердің де көптігін аңғаруға болады.

Солардың бірі – ақын Фалым Малдыбаев

ӘЛИЯ МАЛДЫБАЕВА
ҚР оқу ісінің құрметті қызметкері,
педагогикалық еңбектің ардагері.

«Қырым қызы» - сюжетті поэма. Оқиғаның басталуы, шегіне жетіп, шиеленесуі, кейін шешіліуі - бәріде классикалық шығармаға тән заңдылықпен өсіп-өрбіп отырады. Кай қаһарманның болса да кейпінде, сезінде жасандылық жоқ, кайта олардың әрбір қылышының орындылығы, нанымдылығы оқушының сүйсіндіріп отырады. Бұл – жоғарғы көркем туындыға бірден-бір тән қасиет.

«Қырым қызы» идеялық мазмұнының терендігі жағынан, сюжеттік құрылыш, поэтикалық шеберлігі жағынан қазақ әдебиетінің корына үлкен үлес болып табылады.

Оның сюжеті қыннан қыстырылатыны да белгілі. Оқиғалары бірінен-бірі өрбіп, өніп, белгілі бір шегіне жеткен соң шешімін тауып, заңды аяқталып отырады. Басында белгілі азды-көпті оқиғадан басталып, кейін кең арналы дәриядай үлғайып, жағасынан аса барып тынады. «Қырым қызы» өлеңмен жазылса да, жоғарыдағы аталған әдеби үгымдарға толығымен жауап бере алады. Сондыктан, «Өлеңмен жазылған роман» деп атауға құқығымыз бар. Осы мақаланы жазудағы мақсатым: көзі жұмылғанша қолынан қаламы түспеген әкемнің атышулы осы шығармасына көкірегі ояя бүгінгі үрпақтың назарын аудару еді.

Аяулы елім, маған қалам алдырған
Ұлым, қызым келешек жас балдырған,
Бәйтеректің басындағы ұядай
Ескерткішім осы менің қалдырған, -деп өзі
айтпақшы,

«Қырым қызы» нағыз «қалдырғаны» болып, елдің есінде жүрсе екен.



ЖАРАСБАЙ НҰРКАНОВ
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

ҒАЛЫМ АҒАЙ

...Тауысып бітіргенше төзім қалмай,
Оқыдым қызық кітап талай-талай.
Ең алғаш «Қырым қызын» жолықтырдым,
Мен сізді көрмей тұрып Ғалым ағай!

Мейірбан жүзінізден көзімді алмай,
Бір сұрақ қойсам деуші ем, сізге қалай?
Ерінбей бізді де сіз тыңдадыныз,
Жасы үлкен, кішіпейіл Ғалым-ағай!

Домбыра екі шекті қу қарағай,
Шертеді ұл мен қызың әлі талай.
Есілдің екі бетін аралап жүр,
Артында қалған сөзің Ғалым ағай!...



باسته وتنوره
لعله في جرها فربما
يطلب مني أن أبلغه
ألا يدعه أبداً وربما
أنا أهلاً له

فهي بحسب سيرها
هذه هي من المهمات
حيث دفع لها مبالغ
كثيراً في آخرها
وهي تطلب مني
الآن أن أخبرها

حاجتها بالطبع ونحو ذلك
في تلك الأثناء يمر بمنطقة
وكما نرى تدخل كل ذلك في
قيمة قيمتها بمليونين





Қара теңіз



Қырымға дүниеде жер жете ме,
Өзге тау көнілді ондай тербете ме,
Қырымның тауы, гүлі сыр шертпесе
Көзден жас, көкіректен шер кетер ме?

Барғанда Пушкин ақын сарайына,
Көз салсам теңіз, тау-тас маңайыма.
Теңізben тербетіліп Арзы қыз тұр,
Назданып ғашығындай жаз айына.

Арзы жас бір жетім қыз Қырымдағы,
Жасынан ашылмаған оның бағы.
Әкесін бір жасында оққа ұшырып,
Сүм тағдыр шырылдатқан бейшараны.

Шешесі балық қақтап, су сақтаған,
Болмаған ешкі-лақтан сыбырлағы,
Үсті шым, жан-жағы жер, тіреуі тас,
Құн тұспес қараңғы үнгір үй тұрағы.

Арзының әкесінің аты Тәһир
Жасынан қара табан жалшы пакыр.
Қазанның шаһарынан келген жалғыз
Ағайын іліктे жоқ жаны ашыр.

Күн көріп жер басудың қамын ойлап,
Көпеске құл болумен жаны жасыр.
Арзы осы кезде бір жасар қыз
Аяғын басып жүрген апыл-тапыл.

Мейірімді анасының аты Зейнеп,
Денесін топырақтай басқан бейнет.
Кір жуып, тақтай сүртіп жүрсе дағы
Адам жоқ есіркеген «нашар ғой» деп.

Атанып ханымдарға «жалшы қатын»
Сүйретіп жыртық көйлек шабатасын.
Көпестің есігінде жүрді Зейнеп,
Зайғы ғып сұр өмірге қымбат жасын.

«Құл, күннің» еңбегін жеп тоятұғын,
Фазиз бай Месқорда ұнем тұратұғын.
Түркия, Иран менен Шам, Мекеге,
Саудамен мырзалары шығатұғын.

Осылай бір сыпыра жылдар өтті,
Еңбегін байға беріп жапа шекті.
Үстіне қақалғаның жұдырық бол
Бір күні сарайды ұры бұзып кетті.

Сомасын миллионның түгел алып,
Көпесті бір-ак банкрот қылып кетті.
«Бір емес тағы сені шабамыз!» деп,
Айқын қып мандайшаға сызып кетті.

Аузынан бұрқыраған жалын лебі,
Фазиздің бірсыпыра саудагері.
Тай-тай қып кездеме, шай, темекі артып
Базарға керуенмен кетіп еді.

Фазиздің бұл тасқынын көрген жұрттар,
«Қырымда алдыңғы бай осы» деді.
«Аққан суға бір тосу» деген рас
Дәүлеті шайқалатын келді кезі.

Оянды үйқысынан Тайир малай,
«Ух!» - деді, жүк көтеріп тұрған жандай.
Пысылдал ұйықтап жатқан Арзы бала
Шырылдал жылап тұрды әлде қалай.

Зейнеп те тұнде көрген тұстен шошып,
Дей берді – «сақта алла, сақта алла-ай!»
Далаға шыға келсе Тайир сорлы
Болыпты тас-талқан қымбат сарай.

Сол жерде Тайир тұрып ой ойлайды,
Салбырап төмен қарап көп ойлайды.
Фазиздің қаны кара адам еді
Бұл мені құртады деп ойлайды.

Қымсетсе малайлардан көруші еді,
Бұл істі менен көрер деп ойлайды.
Беруге іле хабар жүрексініп
Әуелі Зейнепке кеп баяндайды.

کر رش نه دی کمزور گردید
 خود را بخوبی دی کمزور گردید
 ای مزاحب خالق بی زنگید
 رشی تے شب مل گردید

سونا ملایم سونا ملایم اے اے!

ای دی کمزور گردید، فیکھا کیا
 پرکش کو سی کو کیا کیا
 کر نتھا با جنگید ملکتیں
 کہ بجیده رش و مر گردید

عندوده مالی و موسیحه.

حونا ایس گے سویں دی:
 ساماندی جو سما قدر دی لدی،
 دوپی، سلو ساق سخنی کئی،
 نو پر دی تھے جو جیم دی

ستکھا - دوپی - چالا مارا!

- ذل بولھا یا - دوپی چالا ماره
 ماره تذکری نہ ایسا ایسا ماره
 شر و... نصیح داد سام بولھا ماره
 جان بولھا ده چالا ماره

جا تشو جا یسر جا لکھاں.

- «Ау Зейнеп! Құдай ұрды, құдай ұрды».
- «Не болды?» - деп Зейнеп ұшып тұрды.
- Сарайды ұры бұзып, тонап кеткен
Қашалық күн көрміз біреу құрлы.

- Кетелік тұн жамылыш Қазан жаққа,
Бөгелсек ұшырармыз зор апатқа.
«Ит үред, керуен көшед» көпес қалад
Тәһирым, мен корқамын енді жатпа.

- Жауыз бай ондырама енді бізді,
Қайтемін айтамыз ба, көре ме өзі?
Қой қатын, қолымыз ак, қашпайық біз
Айтайын көп кешікпей енді мұны.

Ілгері басқан аяқ кейін кетіп,
Жүргегі аттай тулас жұлқып, шертіп.
Фазиздің есігін кеп тықылдатты
Қалышылдаң тұла бойы дір-дір етіп.

- Бұл кім? – деп ар жағынан сылдыр қағып
Бұралып Бибиханым келді жетіп.
- Немене?
- Қалын шығын душар болды,
Сарайды қарақшылар бұзып кетіп.

- Не дейді? – деді Фазиз, тұра ұмтылды,
- Сарайды ұры бұзды, ұры бұзды.
Деп жылап Бибиханым ойбай салып,
Долданып өзінің шашын өзі жүлді.

Қолына алтыатарын ала сала
Сарайға Фазиз көпес тез жүгірді.
Бакырып «қайран мұлкім, дүнием» деп
Бұрқанып өз мандайын өзі ұрды.

Қай дүшпан бұзды еken деп ашуланды,
Қан талап екі көзі оттай жанды.
Үрлады дүниемді қандай доныз,
Жау қайда, ішем қанды, ішем қанды! –

Деп қүйіп, ызаланып жүрген кезде
Алдына Тәхир жалшы келіп қалды.
«Ұрлықтың ішінде сен біргесін» деп
Жүректен алтыатармен басып салды.

Жазықсыз ұшып түсті жалшы Тәхир,
Басына шын орнады заман акыр.
Бір ұрттап жылы қанды алақанмен
Сенделіп жүре берді Фазиз, батыл.

Мылтықтың дауысына Зейнеп келсе,
Алдында қан сорғалап Тәхир жатыр.
Арзыны қолындағы тастай беріп
Дей берді:

- Сорлы Тәхир, сорлы Тәхир!..

- Мана мен қашайық деп айтып едім,
Қоймасын білгенмін гой Фазиз тегін.
Бай деген ардан аулақ ит емес пе,
Адамнан артық көрер дүниелерін.

Ақ еңбек, адал ниет былай қалып,
Қадады ақырында міне оғын.
Қан жұтқан қансыраған нашарлардың
Күн бар ма жауыздардан алар кегін.

Ыңырсып жатқан Тәнір жауап қатты,
- Айтқаның келді, Зейнеп, Фазиз атты.
Жылама, жасынды тый, күнінді көр,
Арзы жан, Арзы жаным маған батты.

Корғансыз құлынымды кім көреді
Көн өкпем...
тұрмыс саған қайғы артты...
Қаны ағып, сүйретіліп, иіскей беріп,
- Қош Арзы! Аман бол! – деп иек қақты.

II

Теніздің жағасында тастан құрке,
Төбеден қатымыр тау басқан құрке.
Ішінде күніренген екі жетім
Күн елткен көздерінің жасын ірке.

Су сақтап, балық қактау кесіптері,
Тұншықкан көк тұманға өмірлері.
«Ah!» десем отты жалын шашырайды
«Әйбетер» тауымен тен жүрек шері.

Зейнептің Арзы жалғыз балапаны,
Жалғанда жалғыз Арзы атар таны.
Балапан жоқшылықтан шырылдаса,
Шыққандай төбесінен Зейнеп жаны.

باسته وتن ومرد ون
لعمدی براچ کورنگیه
جیسا می منب نه بنگ ده
ایلزدنه ایت ب درگاهه
کلکا ایه ۰ = ۰

فخر بدلی سرمهی گانه
دهوکل دهی ایه ایه
جیهم دهی ساعه میابیه
خوبیه خوش دیع جاریه
دهمه که برب: « تک باسته ره ! »

داریها جا تسبیه و نهیه
جه تنهه ایه ایه بروگ دهیه
و کما نزسته کول گله دهیه
جیه لکه مغوفه ایه قدر و نهیه

تو پیارا منب طاهر ساله

بلوز فرامی بیت ناتنهه
سروشب کافلهه کنهه
نقائب همه کلهه

برکه بے جاریه کارون
ایشام قشنه ده و زایینه

Нан қайда қос жетімге тоятұғын,
Үй қайда панасызға қонатұғын.
Жан қайда жабырқаған көнілін аулап,
Теніздей терең ойды жоятұғын.

Ел қайда тас күркені көретұғын,
Жәрдем ғып қолдың ұшын беретұғын.
Ер қайда қайғылының қастарына, -
Жылында тым болмаса келетұғын.

Сорлыға сылдыраған тын қайда?
Тамақсыз, тынсызға бүйим қайда.
Жып-жинақ жұрт қатары жүрмек түгіл,
Жабатын денелерін киім қайда?

Ашықса жылы жұмсақ тамақ қайда,
Тамақсыз ашылатын қабақ қайда.
Бәрі де осылардың болмаған соң,
Арзы гүл бас көтеріп ойнактай ма?

Шаң жұтып, тас кеміріп Арзы өсті,
Қарамай өсуіне қайық есті.
Панасыз анасына жәрдемші боп,
Тенізді ерсіл-қарсылык жайлап кешті.

Арзының өмірі тас, серігі тас,
Тастай боп берік өсті болмай лас.
Ақылды ағайынды шынар болды
«Таста өскен шынығады» деген рас.

Оралып он алтыға жасы келді,
Бұралып қынай буды қыпша белді.
Арзының атқан оғын әкеле алмас
Басқа қыз тырысқанмен тырна өнді.

Ақ жүзді, бота көзді, қара қасты,
Қыр мұрын, алма ерін, жібек шашты.
Қаз мойын, қаршыға төс, кептер иық,
Сабырлы, жарқын мінез, ықыласты.

Болса да қудан сұлу сырын ашпас,
Күлпара сынғырлаған шолпы тақпас.
«Ер жеттім, қандай жігіт қырындар» деп
Байлардың қыздарындаі ойлап жатпас.

Өйткені Арзы еңбекпен қайнап өсті,
Таста ойнап, тірлік үшін суды кешті.
Көбігін Қара теңіз шолпы қылып
Тулаған толқындарда қайық өсті.

III

Қой көзді, қара торы, сұңғақ бойлы,
Иілген қоңыр қаздай сала мойны.
Қайтпайтын, қажымайтын мінезі бар,
Таудан зор, теңізден де терең ойлы.

Сөйлесе сөзінен нұр төгілгендей,
Құлгенде қызыл бидай себілгендей.
Қайғырса аспан жерге қирап түсіп,
Куанса өлген өлік тірілгендей.

Жайдары жарқын көніл, жалғыз сөзді,
Жатқа да, жақынға да бір мінезді.
Адамның ішкі сырын оймен біліп
Айырап тас ішінен алтын жезді.

Кесібі ерте-кешті суды кешу,
Зымратып қаруланып қайық есу.
Ау құрып, қармақ салып «қаза» орнатып,
Балық ап сүр өмірде қорек ету.

Жасы бар он сегіздің шамасында,
Өмірі өткен тау-тас арасында.
Мекені тастан қылған күнгірт күркे
Қырымның «Әйбетер» саласында.

Кеш жатып, ерте тұрып қыдырады,
Тенізді ерсіл-қарсыл сыдырады.
Балық пен балық болып суда жүзіп
Тамаққа шыбын жанды құл қылады.

Сыпайы сырлы міnez батыр жігіт
Кеш ұйықтап, кәсіп қылған ерте тұрып.
Мұстапа деген еді мұның аты
Тенізді кезетұғын аласұрып.

Мұстапа өмір бойы бейнет шеккен,
Жоқшылық жас басынан еңіреткен.
Анасын жесір қалған асырап ол
Тенізден балық аулап, кәсіп еткен.

Ол күнде балықшы ауын салатұғын,
Өзіне жетерлік пұл табатұғын.
Бірақ та өкіметтің қанаушысы
«Салық» деп көбін тартып алатұғын.

Мұстапа көптің бірі зәбір көрген,
Ошаған жоқтық шіркін бұған ерген.
Алды жар, арты түйық меніреу тұрмыс,
Кигізген жас балаға отты жүген.

Кім мықты, байлар мықты ол қоғамда,
Нашарлар құл болыпты мықтыларға.
Болғанда қоғам дауыл бұрқыраған,
Мұстапа қаңбақ болып түскен орға.

Көршісі Мұстапаның Арзы, Зейнеп,
Бір жүріп, бірге тұрып, етер еңбек.
Киіктің лағынданай екі жасты
Мылжиған екі кемпір қылады ермек.

Болса да түсі басқа, тұрмыс бірге,
Екі жас бұлбұл құстай өскен гүлде.
Таршылық аз дүниеден көрсө дағы,
Керісken жерлері жоқ шайпау тілге.

Бірі аға, бірі туған қарындастай,
Бірі айтса бірі көнер қарсыласпай.
Біреуі қуанғанда біреуі ортак,
Жаттарға келе жатыр сырын шашпай.

Өлшеусіз жақын болды өсе келе,
Өрісі терең теңіз, неге деме?
Тұрмыстың толқынына жүрек жалғар
Қырымның қызыл гүлі секілдене.

Көрген жоқ бірақ әлі перне басып,
Жұмысқа жүр демесен ақылдасып.
Занына табиғаттың кім қөнбейді
Айтпайды бір-біріне сырын ашып.

Балықты бірге жүріп аулағанмен,
Сүзгіге балықтарды айдағанмен,
Жалаңаш-жалпы жүріп су ішінде
Тенселген аудың бауын байлағанмен.

Оңаша талай-талай жүргенменен,
Сықылдан көзді ойнатып құлгенменен.
Жалғыз тіл жастық жағынан қатқан емес
Мақсатын махаббаттың білгенменен.

Жалғыз-ақ көздерінде болды жұмбак,
Деп тұрған: «Мен де сені сүйемін-ақ»
Жұмбакты іштерінен шешсе дағы
Айтуға ауызба-ауыз қынырақ.

Күн келді жұмбактарын шешетұғын,
Таласып «мен сендікпін» десетұғын.
Түйілген жүректегі нәзік сырдың
Алмаспен жібек бауын кесетұғын.



Ялта 1930 ж.

87-30

ЯЛТА.

Тұғанда ер басына қараңғы тұн,
Жан қияр тар көпірде жолдасы шын.
Сырты дос, іші дәмсіз боямалар
Сұрайды сырттан көнек, көмек тұрсын.

IV

Арзы қыз ауға шықты қайық мініп,
Көк толқын қарсыласты етек түріп.
Қайықты наиза бойы көтеріп ап,
Тастады төмен қарай сылқ еткізіп.

Алысып кете берді балғын бала,
Тенізде ноқаттай-ақ жалғыз қара.
«Мен дағы ауларымды көрейін» - деп
Тенізге түсе калды Мұстапа да.

Асқақтап асау толқын алас ұрды,
Есалан өссіз күшті толқын жынды.
Қақпалап, қақпақылдан жел қайықты
Үйіріп екпінімен мазақ қылды.

Ақ көбік аспанға атқан араласып,
Арнасына түсер емес мауқын басып.
Көк толқын сатыр-сұтыр жатты тулап.
Желкесінен бірін-бірі тартып басып.

Күркіреп қап-қара бұлт теңіз бетін,
Басады албастыдай емін-еркін.
Дәү пері дауыл оған дабыл қағад,
Дегендей терен теңіз желпін! Желпін!

Дауылдан кетті ықтап барлық балық,
«Жан сауға, тәуекел» деп төмен ағып
Судағы серке сандар сенделгенде
Арзы қыз ақ үйректей шыдар неғып.

Қарысты қос білегі есе-есе,
Қасқая соқты толқын кесе-кесе.
Қырылған талай адам тұйықталып,
Иірім тас қуысы әлденеше.

Жан сауға ақырында қылмақ болды
Қайтуға қайық есті оңды-солды.
Бір қырын айдағанда қос қалақпен
Лықылдап қайық іші суға толды.

Торықты Арзы бала төкті жасты,
Шынымен кетем бе деп жанталасты.
Бір есіп, бір су төгіп күшін жиып,
Алысып толқындармен қаруласты.

Толқындар, мен ермегің емес деді.
«Ер болсаң меніменен егес» деді.
Қайықтан қайран мұлде болмаған соң
Сұлудың көзіне өлім елестеді.

Күш кетті, қайық есіп әлсіретті,
Айқайлап: кеттім-кеттім! Жәрдем!» деді.
Даусын қырдағылар есту қайда
Асусыз тауға қарай аға берді.

Жел қайық толқын айдал кетті ағып,
Ішінде Арзы отыр естен танып.
Иірімге бара қалса өлім дайын
Алды тау, өте ала ма бұзып-жарып.

Өлімнің таяғанын білген байғұс,
Қысылды киім шешіп, от боп жанып.
Мойнына ажал жылан оралған соң
Зарланды барлық күшін жиып алып.

«Сорлығанам бұл жайымды біле ме екен,
Даусымды құлағына іле ме екен.
Айрылған ботасынан боз інгендей
Теніздің жағасында жүре ме екен.

Сүйгенім Мұстапа ол қайда екен,
Қолымнан тартып неге алмайды екен.
Бірге өскен бір үяда балапан ек,
Шығаршы бұл қатерден аман-есен.

Сеніп ем жасымнан-ақ қол күшіме,
Шыбын жан мұрынымның келді ұшына.
Қайдасың, ау Мұстапа, ау Мұстапа!
Зар болдым жәрдеміңе, қол үшіңе.

Көре алмай бірінді де өткенім бе,
Сүм ажал су бетінде жеткенің бе,
Ақ тәнім балықтарға азық болып,
Шынымен су түбіне кеткенім бе.

Қайдастың, сорлы ана, сорлы апа,
Тұрмыстан құрсау түсіп көрдін жапа.
Анамды шырылдатың қолынды бер
Тезірек кел Мұстапа! Кел Мұстапа!»



Мұстапа ертеменен қырға шығып,
Демалды киімінің суын сыйып.
Хабарын қарындастың естіген соң
Жағаны кезе берді зыр жүгіріп.

Сап етті құлағына абын айқай...
Төтелеп о да үмтүлды жаны қалмай.
Көзі шалды су ішінен бір ноқатты
Қайықпен түсе қалды шыдай алмай.

Алысып толқынменен ноқат қуды!
Өлімге Арзы үшін белін буды.
«Жар үшін жардан құлар» деген рас,
Құлаштап қара жердей асав суды.

Толқындар көшкен бұлттай түйдектеліп
Қайықты қақ маңдайға ұрды келіп.
Бөрідей бұрқыратып қар боратқан.
Жан-жақтан шатырлатып бермеді ерік.

Тығылып жан алқымға арпалысып,
Дем алып екі иықтан күйіп-пісіп.
«Қарманған қарап қалмас» дегендейін
Арзының қайығына келді ұшып.

Келгенде арқан бойы Арзы біліп,
Тіл қатпай қалды қатып дымы құрып.
«Ал мені!» деп ұмтыла берген кезде.
Әкетті қаңбақтай қып толқын жұлып.


Жарқ етті су түбінде Арзы бала,
Секірді Мұстапа оны көре сала.
Теңізге бірде сұнгіп, бірде шығып,
Сапырды қара суды ойран сала.

Қолына бір мезгілде қыз ілікті.
«Я тәнрі берші, - деді, - бір тілекті!».
Суырган сүйріктей қып алып шықты,
Көгерген жансыз дене ақ білекті.

Шуласты қек толқындар «өлді-өлді» деп
Су үшін жанын қиған қыз болды деп.
Қара бұлт оған келіп төне тұсті
Қыз өмірін аямай-ақ кім бөлді деп.

Қайыққа қызды салып қырға тартты,
Шынымен сөнді ме деп мұнға батты.
«Сөнгенім жоқ, шыбыным бар» деген жандай
Арзы қыз екі-үш рет иек қақты.

Мұстапа қайық есті қалмай жаны,
Тірі алып қалайын деп бейшараны.
Сол кезде дауыл тынып, толқын тоқтап,
Бұлт тарқап, күн нұр беріп жадырады.





«Месқордың» бақшасы бар гүл жапырак,
Самалды жұпарлы иісі бейне ұжмақ.
Сылдырап сүйрәндеген, сынғырлаған
Ақ күміс бал ләззатты аққан бұлақ.

Ойнаған бұлбұлдары ұшып-қонып,
Сайраған мың бір түрлі әнді шолып.
Жұндері жұз құбылған көз түрмайды
Жарқылдап қызыл, жасыл, күренденіп.

Жайнаған балықтары сәлде су бар,
Бұл суды алтын балық мекен қылар.
Қыздардай тойға аттанған қылт-сылт етіп,
Күмартқан көздің нұры шоқтай ойнар.

Мұстапа Арзыны алып шыққан тұсы!
Мәуесі салбыраған бақша іші.
Өлгенге жан бергендей балбыратқан
Бал аққан көмейінен түрлі құсы.

Арзыны жерге қойып, гүлдей жайқап,
Өкпеге қолын салып көрді байқап.
Белгісіз бір тамыры бұлк еткен соң
Құстырды шекпенге сап шайқап-шайқап.

Аузынан жұтқан сүйн лықылдатты
Су кеткен соң Арзы қыз демін тартты.
Көгеріп кепкен қарын ортайғанда
Ым... ым... ым... деп жалғыз ғана кірпік
қақты.

Мұстапа бір қуанды, бір қуарды,
Шайқады үсті-үстіне салды жанды.
Сол кезде іісін төгіп жайқалды гүл,
Тұрлі құс тілек тілеп, басты әнді.

Арзы қыз аянышпен көзін ашты,
Төгуге шамасы жоқ ыстық жасты.
Жарық құннен жатырқап қалғандай ол.
Құрсінеді құбірлеп шайқап басты.

Бір кезде Мұстапаға көзі түсті,
Тұрғандай толқын болып жердің үсті.
Ажалға ара түскен азаматтың
Арзы қыз ақырын ғана қолын қысты.

Ыстық қол жылытқандай қыздың жанын,
Толғантып тулатқандай жүрек қанын.
Құттықтап көктің құсы сайрай берді,
Бұлғандап гүлдер соқты алақанын.

VI

Қырымда Мырзақ көпес жаңа талап,
Байыған керуенші жүртты қанап.
Қолында кердендеген кос қатын бар,
Тағы да қылтындейды сұлу қарап.

Татардың дәулет біткен жігіттері,
Мырзасы, сал сымағы, мініскері.
«Көп әйел пайғамбардың сұндеті» деп
Қызыққан жас әйелін алушы еді.

Ежелден «ел құлағы елу» деген,
Арзыны естіп білген әлде кімнен.
«Фашық» боп ақ жүзіне бір көргенде
Алдыртты ебін тауып шешесімен.

Мырзак қу Зейнепті әбден сүйіндірді,
Арзыны бастан-аяқ киіндірді.
Мұстапа бұл халдерін естіген сон
Арзыға баяндады мынау сырды.

«Ау, Арзы, байқадың ба Мырзак жайын,
Неліктен азық болды саған дайын.
Білемін сен туралы көнілі бар,
Осылай сөз тараулы күн-күн сайын.

Шоқтанып жаңа шыққан сен қызыл гүл,
Ерте ойлан түспей тұрып қолдан шылбыр.
Жалғанда сені жатқа кия алмаймын
Қарағым, «қиям!» десен өнді өзің біл!».

Мастанған дәuletіне көпес Мырзак,
Ниеті Арзыменен сейіл құрмак.
Мұнайып көзін сүзіп, ойын айтты,
Арзыны оңаша үйге шақырып ап.

«Арзыжан, сені сүйем жан-тәніммен,
Өзіме дүниеде жалғыз сен тең.
Фашық боп күндей күлгендін ақ жүзіне,
Тәсілмен сені мұнда алдырып ем.
Ырас-ак қолымда бар екі қатын,
«Әйел» деп атамаймын оның атын.
Сен айым,

сен жұлдызым, сенсің еркем,
Саған-ақ табынамын міне антый!

Көкпенен қарғанамын, көкем, саған,
Көзінді күле қарат, қалқам, маған.
Аспаннан жынды боран бүркыраса
Сен саям, сен қамкорым, сен баспанам.

Күнменен қарғанамын күлші, жаным,
Құлмесең өртенемін қасірет қалың.
Мен күйіп көмір болсам, жан беретін
Тәнірім, шапағатшым деп үғамын.

Айменен қарғанамын, айдан сұлу,
Сүйемін, арам маған сүймей тұру.
Жәннаттың жарығынан артық маған
Сенімен жалғыз сағат бірге жұру.

Жерменен қарғанамын жемісім сен,
Мәуесі салбыраған егісім сен.
Сурып алатұғын жалғыз сенсің
Жер астын «жеті қабат» қылсам мекен.

Жұлдызбен қарғанамын жұлдызым сен,
Жағамда жарқыраған құндызым сен.
Кор болам, құп алмасаң қан боп өлем
Кен дүние үш кез ғана «көр менен» тен.

Тәнірімен қарғанамын болсын айғақ,
Тірідей жерге қақсын болсам тайғақ.
Арзыжан, сені жерге қаратсам мен
«Тамұхтан тамұхтарға жүрсін айдал».

Ең ақыры өмірменен ант етемін,
Дүниеден «құр!» демесең тез өтемін.
Айттым ант, Арзы ару, ойлан енді
Тәнірім табынатын сен деп өтем».

Арзы айтты:


«Құлағынды сал жауабыма,
Жалшыға мырза ғашық болмас сірә.
Жарым бар жаны бірге жастай өскен
Пышақ қойып буынсызға қылма кінә».

Осыдан басқа бір сөз қайырған жок,
Жүзі жылпың мырза еken деп табынған жок.
Мырзақ та дел-сал болып жүре берді
Сандалып дәл жүректен тигендей оқ.

Мұнды қыз қанды найза түйрелгендей,
Шашынан тау мен тасқа сүйрелгендей.
Бозарып түсі суып мең-зен болып
Қиналып қабырғасы күйрегендей.

Жек көріп Мырзак сөзін қаны қашты,
Көзінен ызаланаып төкті жасты.
Бір күні тауға келіп, құлаш жайып
Өмірдің уын теріп, мұнын шашты.

«Алдым жар, тұрмысым тар, артым
түйык,
Телегей теңіз жасым шын тұнғиык.
Дариға «Әйбетер» қара тасты көтергендей
Қайғыдан жүре алмаймын белім үйып.



Қырым. Ялта 1935 ж.



Антүрған дәuletке мас залым Мырзак,
Жалынып, жалпаяды кылжак-қылжақ.
Шарифат, күштілікпен корқытады
Саудагер, сопы, қажы, молданы сап.

Сорлы бет қайдан біттің жылтыраған,
Жетпей ме қара бұжыр кескін маған.
Бәрі де жалшы әйелдің теңізде жүр
Ерген жоқ жалғыз ауыз өсек-аян.

Жаратқан, сұрадым ба сенен көрік,
Сенделттің бақи бермей беріп көрік.
«Сақина сау басыма», осы емес пе
Ажуа қор болғаным, болмай ерік.

Мұң шағар әділ деген молда, ишан
Бірінің жаны ашымас мыңын жисан.
«Сүндепті пайғамбардың барыныз» деп
Сол болды бар білгені неке қиган.

Қос қатын Мырзақтағы тілі улы,
Өсекті көршілерге таратулы.
Болғанда Мырзак қабан мен ақ шабак
Жасаған, жас басыма қатер туды.

Занғар тау, акылынды айт, қайда барам,
Жалғызыбын алды-артымда жоқ бір панам.
Жаққан соң ақ бетіме қара күйе
От болып өртенемін, назаланам.

Заңғар тау, көк қарағай жан-жағын тас,
Келгенде паналауға қойнынды аш.
Не діннен, не өмірден рақым көрмей
Зарымды саған шағып төгемін жас.

Шынарсын қоқырайған қоқырлы құз,
Жылап түр көзін басып бір жетім қыз.
Тезірек жыртқыш аңды жібер-дағы
Жегізіп тар түрмистан күдер үзгіз».

Арзы қыз ұзақ күнге жылап-жылап,
Кешкірек келді үйіне талмаусырап.
Кешікпей тас күркеге қайта көшті
Ешкімнен рұқсатсыз шешесін ап.

Мұстапа жәрдем берген көшуіне,
Қайықты баяғыдай есуіне,
Бармасқа бұдан былай ант айтсып
Мырзақтың қанды қақпан есігіне.

Бірігіп екі бала тас үй салды,
Бір жерде асырамақ болып жанды.
Ұл-қыздың сый-сипатын сезгеннен соң
Қос кемпір бетін сипап, қабыл алды.

Қуанды құтылдық деп Мырзақ жаудан,
Мұстапа аң аулады барып таудан.
Кеш жатты, ерте тұрып қайық мініп,
Арзы қыз балық жиды құрған аудан.

Өмірде болған емес жанға тыным,
Өкімет тарапынан ауыр шығын.

Ол күнде алым-салық жөні солай
Табыстың қалдырады жүзден бірін.

Ісқырған айдаһардай ол бір заман,
Тарыққан тауды кезген талай адам.
Арзы мен Мұстапа емес елден ерек
Талай жас тендік көрмей зар жылаған.

Теніздің жағасында балықшылар,
Тау-тау қып балық үйіп жыбырлаған.
Тұңені түгіменен жұтқан дәуір
Жалаңдап дүниеге ашқан аран.

Құйылған бұлак болып көздің жасы,
Деп келіп:- күнім қаран, күнім қаран.
Арзы қыз сол халықтың бір баласы
Өзгеден өзгеше боп қансыраған.

Арзы қыз кеткен күні Мырзақ жоқта,
Қыын ба сапар шегу қарны тоққа.
Үйге кеп сұлу орнын сипалады,
Жүрегі толып улы жалын шоққа.

-«Апыр-ай Арзы рас кеткені ме,
Сертіне қыз да болса жеткені ме?
Бетіме күйе жағып ел алдында,
Тілімді қол сілтеумен кескені ме?

Тауда өскен тас жүректі деген рас,
Шынымен болғаны ма жүрегі тас.
Қыр мұрын Қырым қызы қыпша белге,
Жетсе мал, жетпесе оған садаға бас.

Батады қабырғама мынау қорлық,
Бірімін көрмеушінің жапа зорлық.
Қақпанға түсірейін жолбарыстай
Таудағы Мұстапаны жүрген орғып.

Оншама қорғанатын жалғыз емен
Тіріде отырам ба қарап төмен.
Қарғылы қара тазы жігіттер бар
Дейтүғын «сеніменен бірге өлем».

Ойлап ем жас аруды сүйемін деп
Қырымдық ең сұлуға иемін деп.
Жарыққа жасырын сыр шығып қалды
Айтқанды іске асыру ендігі серт».

Жаман ой бұл Мырзакты жеңіп алды,
Сұлуға пида қылды бас пен малды.
Жек-жат, дос азамат, ағайыннан
Арзыға күні-түні кісі салды.

Қандай жан сиқырланып келгенменен
Мал, бақыт, дүниені бергенменен.
Арзыдан жалғыз ғана жауап алды
«Аулак жүр, естімеймін сөзді» деген.

Бір күні салтанатпен Мырзак келді,
Шұбарлап ат-арбасын сырлап келді.
«Сағындым, сарғайдым да, сәулетай» деп
Сынсытып сырнай-керней жырлап келді.

Күркенің қасына кеп шатыр тікті,
Қасында жігіті бар палуан мықты.

Ет асып, жеміс шашып, бал ішуге
Ұялас сарқасқадай тізе бұкті.

Арзыға сиқырланып Мырзақ барды
«Қонаққа жүрініз» деп ажар салды.
«Мен барсам Мұстапа да қалмасын» деп
Арзы қызы Мырзақ сөзін қабыл алды.


Екі жас асқа келіп отырысты,
Үсті кір, киім жыртық, қолы күсті.
Ажуалап Мұстапаны отырғандар
Текедей бақылдасып ду күлісті.

Жүрегін екі жастың намыс шертті,
Ойларын ашу кернеп дірілдettі.
«Бөрі мен қозы жолдас бола алмайды»
Десті де мәжлістен тұрып кетті.

Шыдамай Мырзақ ұша тұра келіп,
- «Ай ақымақ токта!»- деді түсін бұзып.
Әйел ғой «алпыс екі амалы бар,
Жұбатты аңқау «дәуді» Арзы тұрып:

- Ей Мырзақ, дәulet десе дәuletің бар,
Дұшпан-ақ кемітерлік сәuletің бар.
Тау менен тастан басқа жөн білмеген
Жігітке ақырарлық не бетің бар.

Аңменен көрші өскен ол бір асау,
Қыын ба ақылыңмен салсан тұсау.
Бұлбұл боп оралсаныз мен бір гүлмін
Өсірмес гүлдің бойын темір құрсау.



Қырым. Алупка 1935 ж.

Алданды алдап айтқан сөзге Мырзак,
Ішінен деді «қызыға- ұнадым-ақ».
Мұстапа қырындаған көрінбесе.
Құлпырған Қырым қызы қайда бармақ.

Әйтеуір бір сұлуға болдым ғашық,
Жүре алман ғашықтықтан аяқ басып.
Жолына жаным пида, мал садаға
Ол үшін өлсем риза қаным шашып.

VII

Үйіне қуанышпен Мырзак келді.
«Дін басы» молдаларды жинап келді.
Қол байлап қеудесіне тағзым етіп
Жол сұрап «шаригаттан» арыз қылды.

Қарқылдап дін қарғасы қазірет ишан,
«Ісінде хак қасында болмас нұқсан
Сұннәті пайғамбардың әйел алу,
Күтеміз бұл сапарға қайыр иқсан!»

- Бір қызыға көптен бері болдым ғашық,
Сұлу қыз туған екен жүрттанды асып.
Арада өзөзілдей бір адам бар,
Кесірінен сол шайтанның жүргімін жасып.

Тәһирдің қызы екен Арзы бала,
Жаратқан көркем қылып хактағала.
Ғашықтық жалын өртеп жүрегімді
Сол үшін отқа түскен мен паруана.

Мұстапа деген жігіт осы қызға,
Менен де құмар екен көптен о да.
Біракта сұлу оған риза емес,
Болады сол бұзыққа қандай жаза?

Берініз төреңізді әділдікпен,
Бұзыққа жаза айтыңыз- шарифатпен
Сапарда жүргенімде Мұстапа кеп,
Азғырып Арзы қызды алып кеткен.

Арзы қыз жайнап тұрған қып-қызыл гүл,
Қонуға құмарланған мен бір бұлбұл.
Ләйліге ғашық болған Мәжнүн мен
Молдалар ендігісін өзініз біл.

«Құп!» деді молда біткен көзін жұмып,
Қарады «тапсеріне» аласұрып.
Барлығы Мұстапаны «күпір» деді
Әйелді азғырушы «никах» бұзып.

- Мұстапа хақ қасында күпір адам,
Білмейтін хақиқатты нағыз надан.
Бұзықтың сол жазасын тартқызуға
Қазылсын он құлашты терен зындан.

Мұстапа тұтқын болсын сол зынданда,
«Шарифат»- солай қосат бұзылғанға.
Үш күнде бір қадақтан тамақ берсін
Қылмасын еш ракым басқа пәнда.

«Үкімге» Мырзақ жауыз риза болды,
Сыйлық деп молдаларға алтын берді.
«Арзы қыз маған әйел, мен қүйеуі»
Деген ой бойын билеп көкірек керді.

Қазуға терең шұнқыр үйден шықты,
Қасына жігіт алды палуан мықты.
Баурынан «Әйбетердің» ә дегенше
Құдықты он құлаштық қазып бітті.

Ол күнде Иран менен Мадинадан
Қырымға көшіп барған бұл жана заң.
Қайрымсыз қара жүрек хан тұсында
Қолданған тұрме орнына терең зындан.

Бес жігіт Мұстапаға кетті жүріп,
Жоғалтпақ қыздың жарын көрге тығып.
Алушы андушыны тез алмай ма,
Ұстады Мұстапаны ұрып жығып.

Бұл кезде Арзы бала теңізде еді,
Тенізде бір ғажап іс көзі көрді.
Төрт үйрек қалқып жүр ед көк толқында
Біреуін бір қара құс ап жөнелді.

Зылдап қара құс кеп үйректі ілді,
Барылдап үйрек сорлы көп жұлқынды.
Ашулы айуан тырнақ босатсын ба,
Жөнелді бүркүратып мамық жұнді.



Сол жақта Фалым Малдыбаев Қазақ ССР-ның
халық әртісі Құрманбек Жандарбековпен
Қырым 1936 ж.

Нашардың бәрі осы деп ойлады Арзы,
Мөп-мөлдір оттан ыстық жасын алды.
Аялдал аяқтамай әлгі ойын
«Өлдім!» деп, қызға біреу айқай салды.

Дауысын Мұстапаның таныды Арзы,
Жанына не болды деп күйіп-жанды.
Толқынмен араласып жетіп келсе,
Бес бәрі талап жатыр Мұстапаны.

-Ұшып кеп Мұстапаны құшақтап ап,
Жармасты жібермеске жарын қорғап.
Бөріге тоқты бола ала ма,
Жөнелді тартып алып қанға былғап.

Қос кемпір зыр жүгірді топырақ тырнап
Жайып сап аппақ шашын қарғап боздад.
Зарлының үндеріне үнін қосып
Тау жылап, көздерінен акты бұлак.

Күніренді екі кемпір жасын төгіп,
Тірліктен Мұстапа үшін мұлде безіп.
- Шыбыным, құлыншағым Мұстапа деп
Қаңғырып Қырым ішін кетті кезіп.

Сүрініп бірде құлап, бірде тұрып,
Қирандал бұратылып мың жығылып,
Шарлады дала-қала алаптарын,
Күркілдеп шұбатылып дымы құрып.

Мұстапа мәңгі щықпас орға түсті,
Амал не орға тыққан мырза күшті.
Жазасы- дін «исламның» осылай деп
Қайғының сусын қылып уын ішті.

Бір кезде теңіз өрлеп жүрген жігіт,
Белсеніп етек-женін түрген жігіт.
Торғайдай торға түскен жаутандайды
Тірідей терең қазған көрге кіріп.

Бір кезде желқайықты ескен жігіт,
Су жүзін аққу құсап кешкен жігіт.
Алты адым айналасы шұқырда отыр
Су құйған көмір болып өшкен жігіт.

Бір кезде Арзыменен жүрген жігіт,
Еңбектің қадір, көркін білген жігіт.
Серт байлап, сыр түйісіп, қол алысып,
Ойнатып отты көзді құлген жігіт.

Жалын боп жер астында отыр бүгін,
Құс емес ұшып бұдан кететүфын.
Қолынан бар келгені жыр толғайды
Зарланып жаратқанға шағып мұнын.

«Жаратқан, жас шағымда орға жықтың,
Тірідей терең қазған «көрге» тықтың.
Нашарды торғайдай ғып домалатып
Күштінің тырнағымен жұлып-тұттің.

Тар зындан еркімді алды, күшім кетті,
Күн бар ма көтеретін көкіректі.

Қатпаған қауырсыны балғын едім
Жай түсіп, тас төбемнен жаншып өтті.

Алуан асыр салған шу асау аңдар
Асқардың сусындайды бұлағынан.
Жалғыз-ақ шөлде жатқан мен бір зарлы
Қан кеуіп, қайрат кетіп, қиналды жан.

Қажыдым, қалым бітті, тамағым аш,
Бұлт төнсе киімім жок, мен жалаңаш.
Шынымен жер астында өлгенім ғой
Балғын тән құрт-қоңызға бола ма ас.

Басыма орнағанда қара тұман,
Мойныма оралғанда қара жылан.
Қасыма Арзы сәулем келе қалса
Айырып алар еді ажалымнан.

Қапыда жолдастарым сезбей қалды,
Ортаға салатын ед шыбын жанды.
Есітсе кегін алар, іздер мені
Өлтірсе олар дағы алар қанды.

Қарт анам қайғыменен қан жұтарсын,
Сағынып құлыныңды тас құшарсын.
Түсіне үйқтағанда мен енермін
Оянып жер мен көкке бір ұшарсын...

Мекенім қаранды үй көрменен тен
Теңізді шимайлайтын өтті дәурен.
Бірге өлмей сеніменен арманда өттім
Жолдасым қош аман бол, Арзым сәулем!».



Қырым. Ялта 1936 ж.

Мұстапа зарлап жатты күндіз-түні
Қос кемпір, Арзы іздеп жүр таудан мұны.
Бір күні кешкетүрим салқын желмен
Арзының құлағына жетті үні.

Қайратпен жетіп келді ор басына
Алмақ боп жан жолдасын қорғашына.
-Мұстапа, тірімісін?
-Әу, тірімін.
Тілдесті әлсіз жатқан жолдасына.

Бар еді белінде ұзын жіп арқаны,
Зынданға тастай берді қайнап қаны.
Қармактай шабак алған қара судан
Арзы қыз тартып алды Мұстапаны.

Бір-бірін тірі көріп қуанысты,
Көңілі бір демдем ліп уанысты.
Арзының арнап жүрген азығын жеп
Аш өзек есін жиып жұбанысты.

Күн батты, тау қалғыды, жел тынықты,
Түсірді теңіз тұман шымылдықты.
Табиғат маужырасып бәрі жым-жырт
Жұлдыз-ақ ым қағысып, көзін қысты.

Түсінген жұлдыздардың ымдарына
Көнілдің әсер берген ырғағына.
Екі жас тау түнеді, тыным алып
Жүректің сыр айтпақ боп жұмбағына.

Дем алып тамылжыған гүл мен орман
Тәтті иіс бұрқыратты жан-жағынан.
Қырымның ұлы-қызы қосылды деп
Шығармақ болды екеуін құмарынан.

Айқасты екі жастың қос білегі,
Лұпілдеп соқты Арзының жас жүрегі.
Отына махабаттың бойы балқып
Назданып Арзы сұлу мөлдіреді.

Жастардың араласты ыстық лебі,
Жігіттің сол емес пе тілегені.
Сағынған көктен бері ғашық жарын
Мұстапа қысып сүйіп құлімдеді.

Қос білек қосарлана құшақтасты,
Екі жас сүйісті де мауқын басты.
Арзының өміріне осы бір тұн
Өшпестей, ұмытылмастай нұрын шашты.

Бір болсын шықсақ тәбе, өлсек шұнқыр
Дегендей тәстеріне төс тақасты.
Жүрекке жара салған жаулары көп
Жолдарын құтылудың ақылдасты.

Құттықтап ғашықтардың махаббатын,
Жерден ну, көктен жұлдыз шашу шашты.
Сол кезде таң сарғайып, торғай шырлап
Жан-жақтан көкек атшук сұнқылдасты.

VIII

Тас тінтіп Мұстапаны іздеуші көп,
Қос кемпір тау аралап жүр кемсендеп.
Жау да іздел достар іздел, «Әйбетерден»
Ертеден кешке дейін қылады ермек.

Өркеш тас үнірейіп зәрені алған
Кемпірді тітіркентті жылап барған.
Қос кемпір сүйретіліп жүре беред
- Жанымыз артық па деп Мұстападан.

Қарғайды тау кездірген дүшпандарды
Қылсын деп сені құдай біздей зарлы.
Қарғысын адам, айуан жәндік түгіл,
Шың, құз, тас, таулар-дағы ұғып алды.

Қарғысы кемпірлердін мынау еді:
«Молдалар жүрегінді жесін жегі.
Ұлдарың, балаларың, қатындарың
Таланып нашарлардың болсын жемі.

У толсын өзегіне болсын талқан
Мойныңа көген түсіп, кепсін анқаң...
Оралып аяғына қара жылан
Қанынды сорып жүрсін қайда барсан.

Мырзак-ау, қарыныңа қанжар кіріп,
Дірдектеп аспанға атсын қап-қара қан.
Қос кемпір енді қалай күн көреміз
Айрылып жас құлыншақ Мұстападан...»



Ішіне бурыл таудың тұсті тұман,
Жамылды күнгірт көрпө қалың орман.
Қашаннан азық татпай қатты ашыққан
Қабанға оңай олжа тұсті жолдан.

Тілегі аш қабанның болып қалды,
Үстіне екі кемпір келіп қалды.
Бас салды бір кемпірді «ә» дегенше
Біреуі тасқа шықты қорғап жанды.

Жыртқыш аң кемпірді кекпар қылып,
Салып ап иығына кетті жүріп.
Ананың айқайлаған дауысына
Сояу тіс бара жатыр сылқ-сылқ құліп.

Жауыздың озбырлығын көрген кезде,
«Әйбеттер» жер тістенді қабақ түйіп.
Қаңбақтай құйын қуған кемпір кетті
Тау-тасқа домаланып басы тиіп.

Немене, шынғырса да естуші жок,
Дос қайда тартып алар кісі жиып.
«Елің жоқ еркелейтін бұл жерде» деп
Тоқтатты кенірдегін бір-ақ қиып.

Аш қабан қос азуды көміп жатыр,
Тұмсықтап екі емшегін еміп жатыр.
Жүрегін жұлып алып сылқ еткізіп,
Езуден қызыл қанды төгіп жатыр.

Шешесі Мұстапаның сорлы кемпір,
Қанғырган Мұстапа үшін шерлі кемпір
Замана құрсауының қысуымен
Қабанға бір жолғы азық болды кемпір.

Бұл кемпір қабанға жем болмақ па еді,
Далада қан төгем деп ойлап па еді.
Мыңға он қожа болып құтырганда
Құрығы күштілердің ұстап берді.

Бұл кемпір құрбан болған көптің бірі,
Тарихқа өзек болған мұң мен жыры.
Айғақтар «Әйбетердің» ала басы
Жазылған қызыл қанмен таптың сырь.

Қабаннан аман қалған зарлы Зейнеп,
Арзы мен Мұстапаны келеді ізден.
Сол күні аман-есен Арзыларға
Қосылды шашын жайып, зар еңіреп.

Құшактап Мұстапаны төкті жасын,
Естіртті қабан жеген сорлы анасын.
Қайғырып Мұстапа да жасын төгіп,
Оқ тиген қоңыр қаздай иді басын.

Жас кетті бәрінен де ағыл-тегіл,
Қамады қасқыр болып түйык өмір.
Жасыған Зейнеп пenen Мұстапаға
Арзы қыз қайрат беріп айтты көңіл:

-«Токта апа, Мұстапа, сен көп жасыма,
Жаситын жас жігіттің жері осы ма,

Біз емес жылап жүрген елден ерек,
Жылаушы нашарлар көп бұл Қырымда.

Қырымның қуаттысы діншілдері,
Байлары, мырзалары, саудагері.
Жарлысы жапырылған жапырақтай
Жаутаңдап жардан құлап сынған белі.


Тар заман қамалында талайлар бар
Арты су, маңы батпақ, алды шың, жар.
Жер ауып, суға отқа көмілген көп
Атылып, толып жатыр асылғандар.

Біз дағы көп нашардың біреуіміз,
Ми қашқан, көз бозарған жүдеуіміз,
Қайыр жоқ Қырымдағы жауыздардан
Жалғанда жалғыз білек тіреуіміз.

Өмірде таста туып, таста өстік,
Су жайлап, суды еміп, суды кештік.
Сол еңбек, сол бейнетпен күн көреміз,
Қашайық, отырмайық қунді кеш қып...

Алғанша аузыын жиып «мұнда» деді
Бұл келген бес құғыншы қулар еді.
Мырзақтың бір достары Қожа деген
- «Қашқындар жүр қалаға, тұрма!» деді.

Мұстапа орнынан ұшып тұрып,
Қанжарды Арзы әкелген қысып тұрып.
-«Жастанып жастығымды жатайын» деп
Бүйректен жарқ еткізіп алды сұғып.



Өкіріп ұшып түсті Қожа батыр,
Ішек-қарнын алып шықты қанжар батыл.
Төрт жігіт жаңындағы түйдек-түйдек
Шоқпармен Мұстапаны ұрып жатыр.

Жау төртеу бұлар екеу қылар қайрат,
Алушы қаруларын келген сайлап.
Мылтықпен қара саннан атып салып
Ағашқа Мұстапаны қойды байлап.

-Кемпір мен қызға әлі келмесіне,
Зорлыққа Арзы тағы қөнбесіне.
Кемпірді қара таспен бастырған соң
Кім кепіл жаны ышқынып өлмесіне.

Төртеуі Арзыға кеп жабырласты,
«Сен, жеңгей, корықпа деп» дабырласты
Мертіккен арыстандай Мұстапаға
Көзінен жасын төгіп амандасты.

-«Мұстапа, қош аман бол, жан жүрегім,
Жалғанда тірі болсам сен тілегім.
Үш жұма қызық көрген оңашада
Сынып түр енді міне қос білегім.

Мұстапа, қош аман бол, көзім нұры,
Әлі де жолығармыз қалсаң тірі.
Егерде жолықпасақ жол боп қалар
Арзы мен Мұстапаның зарлы жыры.

Мұстапа, балдан тәтті сені сүйгем,
Жалғанда жарым сенсің, саған тигем.
Тәнірім бұл сөзіме болсын айғақ
Өмірде сен деп өлем, сен деп күйем...

Бойымда сенен қалған болса аманат,
Серт берем тапсыруға сау-саламат.
Егер де өліп кетсем борыш қылма
Батырым, бидайығым болат қанат...

Тұрса да қызыл қаннан қозғала алмай,
Зарына жолдасының шыдай алмай.
Мұстапа бәйтеректі селкілдетті
Тұrap ма қаны қызып күйіп-жанбай.

- Жан жолдас, Арзы, сәулем кеттің менен
Қалар ем жаудан алып, жара денем.
Бақыл бол қөріспесек бұдан былай
Тенізге түсіп кеттің түпсіз терен.

Болмады көп сейлеуге бұдан әрі,
Арзыны көтермелеп тартты бәрі.
Жанғырып қала берді тау ішінде
Шырқырап шер тарқардың қайғылы әні.

Тыпырлап тас астында кемпір қалды,
Мұстапа ағызып тұр қызыл қанды.
Түйіліп қарға-құзғын, құрт-кұмырсқа
Қан ұрттап ауызының дәмін алды.

Сауықсан көз майларын шүқиық деп,
Қарақұс тез өлсін деп жұтынып кеп,
Тышқандар азуларын салып жатыр
Болды деп ұлкен тамақ кемпірді жеп.

IX

Куанды Мырзак соққан мұрттан құліп,
Арзыны оңаша үйге қойды тығып.
Азғырып біреу-міреу жүрмесін деп
Койыпты қара құнгे күзеттіріп.

Мырзаққа Арзы сұлу емес риза,
«Некесіз» тағы харам жолығуға.
Қыз десе Қырым жасы қандай құмар,
Жайылды бұл оқиға ой мен қырға.

Арзыны кеңес қылды мырза, бегі,
Бос белбей, бота тірсек жігіттері,
Қырымда жаннан асқан сұлу бар деп
Естіді арғы жақты Түрік елі.

Түрік пен Қырым байы бәсекелес,
Бәстесу ел өмірі үшін емес.
Үтқылап бірін-бірі алдап-арбау
Жер алғыш, сауда ашуға қызыл өңеш.

Түріктे данқы щыққан Ғұсман мырза,
Бала үшін әйел ізденеп жүрген бұ да.
Мұстапа, Арзы, Мырзак оқигасы
Бір құні тиді мұның құлағына.



Қырым. Ялта 1935 ж.

1925-1

Ойлады сұлуды мен алайын деп
Қисынын не қылғанда табайын деп.
«Қырымның талас қызын алды» деген
Тағы да ірі атаққа қалайын деп.

Шақырды Әли атты сүм жігітін,
Деді оған: сенен басқа көп жігітім.
Жұмсайын қын-қыстау бір сапарға
Батырым, бас тартпастан барамысын?

-А, таксыр, жолынызға жаным құрбан,
Өлімге бар десен де дайын тұрам.
Жөнінді айт, батаңды бер мен әзірмін,
Қызметім құдай үшін сізге қылған.

-Жігітім, олай болса құлағың сал,
Теніздің ар жағында Россия бар.
Орыстың Қырым деген аралында
Фажайып жан естідім мен қызығар.

Қырымда Арзы деген бір сұлу бар,
Таласқан талай мырза болып құмар.
Сол қызды құшақтатсан тез әкеліп
Жалғанда арман бітіп, көнілім тынар.

Егер де осы қызды алып келсен,
Қолына ағаныздың «Мә...» деп берсен
Түріктің бас жігіті сен боласын
«Сыйға сый, сыраға бал» біле білсен.

Егер де орыс слі көтерілсе,
Ол қызды сол алады кімдер женсе.
Қалғанша қасық қаным соғысамын
Таймаймын қара басым жерге енгенше.

Қан тамған қылышынан мен ер түрік,
Қандай жау мені жеңер қарсы тұрып,
Үркердей аландағы ел тең келе ме,
Кетерсін патшасын да жерге тығып.

- Құп тақсыр, міндептінді орындаімын,
Сіз үшін жау жағынан қорғанбаймын.
Шейтпіз өле қалсақ хақ қасында
Таймаймыз дұшпан болса соғымдаймын.

Серт беріп Әли залым жүріп кетті,
Қасына үш палуан жігіт ертті.
Әрі ұры, әрі бұзық айлакерлер
Төртеуі Қырымға да келіп жетті.

Түрікте Ғұсман жатыр мынау ойда,
Қырымның қызыл гүлі Арзы қайда.
Қырымның шек шығары құмар деп ед,
Әлде үйде, әлде түзде, әлде байда...

Болмаса бір жігітке тимей ме еken,
Мырзаққа мойнын қаздай имей ме еken.
Қып-қызыл алма еріннен сұліктей боп
Құмартып қайта-қайта сүймей ме еken...

Сырласып әлде кіммен жатады еken,
Бал тілін қандай адам татады еken.
«Кел сәулем, жаным-тәнім сен үшін» деп
Ақ төсін әлде кімге ашады еken?..

Болмаса теңін іздең жылай ма екен,
Көл қылып көздің жасын бұлай ма екен.
Өзімдей ел басшысы болмаған соң
Сөз салмай жамандарға шыдай ма екен.

Болмаса сүттен таза бала ма екен,
Ақыл мен көркі бірдей дана ма екен.
Самал жел сақарада сайрандауды
Көніліне ертеңді-кеш алар ма екен.

Апырмау біздің жаққа келер ме екен,
Мен үшін барғандарға көнер ме екен.
Болмаса қолын сілтеп бармаймын деп
Сарғайып ғашықтықтан өлер ме екем.



Төрт жігіт Арзы қызды іздең тапты,
Таң қалды көрген жерде қолаң шашты.
Бар сырын әбден біліп алғаннан соң
«Ғұсманға лайық...» деп ақылдасты.

Бір күні Әли кезеп келіп еді,
Қара күн есік ашпай жауап берді.
- «Арзыға жолығуға рұқсат жоқ,
Қинама бұдан былай енді мені.

Арзыдан үміт күтпе, дәме қылма,
Ерігіп есік қағар ол бос қыз ба.
Шырағым, Мырзак білсе жұндей түтер,
Тілімді ал, бұл арадан жөнел, тұрма.

1928 наунаштарынан мөн улардан бізге жиғітін ішін
орнадаудардың Көмірек анықтасынан да оның тарихындағы
себе күннен^{шарт} Күркесі Саларханаға аныктасылған Мұхамед хан^{шарт}
Сөзгері Мөхім^{шарт} Көмірек гәнжесінде 2-нұндағы
Саларханаға:

— Мөхім^{шарт} Абдесеніңдер болғандағы ынанынан —
жегі — Мұхамед^{шарт} Абдесі орнадаудардың шарты, 2-нұндағы
Салархана^{шарт} деңгелі болындағы Көмірек анықтасынан
жидеппі. Ай, Салархана^{шарт} Мөхім^{шарт} 1928 жылдан берінен
сонарунан.

Мұхамед^{шарт} жеңіпкінде мөн Күркесі Салархана^{шарт} да
негіншінде мөн Күркесі Салархана^{шарт} жидеппі. Надең аялдаған
жыныстарынан да, олардан да жидеппі.

— Дағысат^{шарт} — ай. Себе осынан да жидеппі. Нисекінде жиғітінін
жерлерінде, Ол мәрдес, шоғыр^{шарт} жаға^{шарт} жидеппі.

— Дағысат^{шарт} — жиғітінін^{шарт} 1911 жылдан^{шарт}, ~~жидеппі~~ мөн
Хан^{шарт} мұсафі^{шарт} Көмірек. Себе мөхім^{шарт} жиғітінін
Көмірек Абдесеніңдер болындағы Мұхамед^{шарт} жидеппінде
мөн^{шарт} жидеппі. Мөхім^{шарт} жиғітінін^{шарт} жидеппі Салархана^{шарт},
Көмірек^{шарт} жиғітінін^{шарт} жидеппі. Осынан да жидеппі жағы
мөхім^{шарт} жиғітінін^{шарт} жидеппі. Күркесі Салархана^{шарт} мөн
Күркесі^{шарт} жидеппі, мәрдес, Абдес^{шарт} мөхім^{шарт} жидеппі
Ол мөн^{шарт} жидеппі^{шарт} жидеппі жиғітінін^{шарт} мөн
Ердекен^{шарт} Көмірек^{шарт} жиғітінін^{шарт} жидеппі жиғітінін^{шарт} жидеппі

Білмейтін жан емессін тура жолды,
Жоқшылық байламай ма жомарт колды.
Нашарлық салдарынан торға тұскен
Әзілді жаратпайды Арзы сорлы».

- Шешетай, тез қайтамын тілінді алам,
Болғанда Арзы балаң, мен де балаң.
Егер де қызға жаңың ашыр болса
Қай күні бейнетінен мен құтқарам.

Нансаңыз Мұстапаның мен досымын,
Досымның тіліменен келіп тұрмын.
Сөйлестір оңаша үйге алып барып,
Жоқ еді қастық ойым, бұл шын сырым».

Қарағым, олай болса қылма өкпе,
Арзыжан ерте шығар су жақ шетке.
Бұлаққа суға барап сөйлесерсің
Бірақ та өтірік айтып тентіреппе.

Қара күң жүгіріп кеп айтты жайын,
- «Арзы жан, сүйінш і бер қуантайын.
Бір түрік Мұстапаға жолығыпты
Таңертең аты-жөнін біл, қалқатайым!...

Арзы қыз осы кезде жүрген жүдеп,
Мырзақ та тынышын алған о деп, бұ деп.
Сол күні жекіп тұрып айтып кеткен
«Некемді саған ертең киямын» - деп.

Тұнжырап терен теңіз ойға кетті.
Басынан өткен күнді елестетті.
Не пайда жалғыз тамшы рахат жок
Ұшқыр ой қыры жок тентіретті.

Улы ой ішін өртеп алаулатып,
Талдырды есін алды, қалжыратып.
Теңізге тұнгі төнген қара тастай
Көгерді төмен қарап қалды қатып.

Тұн болды Қырым ішін тұнек басты,
Қаптады қалың тұман қараашашты.
Тау қалқып, тас бұйығып, орман ұбықтап
Дел-сал боп гүлдер басын салбырасты.

Үйқысыз аққан бұлақ жуып тасты,
Жол-жол боп «Әйбетерден» төмен асты.
Қырымнан ертең Арзы кетеді деп
Біріне бірі айтып сумандасты.

Таң атты күн де шықты, жел гуледі,
Мініп ап ағаш шөпті шу-шуледі.
Алысып жынды желмен келеді Арзы,
Қанбақтай желқұйынның еркіндегі.

Еңкейді бір бұлақтан су алмаққа,
Ойы алтау, көнілі жетеу әр тарапта.
Кешегі түрік жігіт кездессе дейді
Хабарын Мұстапаның сұрамаққа.

Шерлі қыз күрсінеді, тың тыңдайды,
Жел оған Мұстапа боп сыбырлайды.
Құздағы қайың, емен жапырағы
Жүзіндей ғашығының жымыңдайды.

Кыз келді терең тұпсіз мұнға батып,
Бір жүріп, бір бөгеліп әрен басып.
Ақырын тас ұстінен Эли келіп,
Сейледі өлеңменен сырға тартып.

Ә л и

- Сұлу қыз, гүлді жүзің неге солған?
Қасырет жас басынан неден болған?
Қайғынның, қарашығым, жөнін айтшы
Жанбысың шыға алмаған құрган тордан?!

А р з ы

- Уа жігіт, халім жаман, өмір бөтен,
Жөнінді айт нашарды аяр доспын десен.
Жоғалтқан Мұстапаны мен Арзы қыз
Сейлеп бер сол жоғымды тауып берсен.

Егерде әзіл қуған адам болсан,
Айырмас ак-қараны надан болсан.
Қаңғырма, жайына жүр, жолың әне
Қосылмас үш қайнасаң маған сорпаң.

Ә л и

- Болады аса надан Қырым begi,
Қан ішкіш айуан мінез жігіттері.
Солардың арасында сіздей заттың
Толады уайымға жас жүрегі.

25 жыл алғында, тұнай шағын, бірақ дәлдік, шабакташып сабактау жүргізілді.
2 жылдан соң да, мұндағы оңтүстік айдаша Кітапхана 242-ні
тәмпердің бірі Мұратан Еркесарын шолғады. Ол
Каршы баласынан тәмпердің бірі болады. Біз мұндағы
шебе 1925 жылдан Тәмпера тұғырақтың шабакташып икесін
шабады, 1926 жылда Қобиғарнің шебе сабака ділде отсаның.

Она есі - ұн шебадындың шебе. Мұндағы оңтүстік жүре
әділдік оңтүстік шебе бүкіл Қазақстандағы шебе аны
шебе жаңғыр. 196-жылда сол жаңғырда, шебе білбірден
Салғышасынан шебе ізін даса шабакташып оңтүстік
егі. Солтүстік оңтүстік шебе ажырылған Салғышасы.

2 Мұндағы Еркесарынан Казарлардың шебе,
аудемшілер аудама, № 120-номерде 1903 жылда деңгөде тұбын
шебе оңтүстік шебе тәнгендер. Рұын Қара-аудам.

Мұндағы көзін баласы еди: Еркесарынан ділде
шебеке шебе Кокшетаудың үйелгінегері деңгөде
богады да, мұндағы Соддағұлы, Қындар үйелгінегі. 1925 жылда
шебе кісі емде жеңіл шебе шебе, 196-жылда, 196-жылда
шебе тәннін Құм қорым. 1925 жылда әмбебаптың шебе шебе
көзін тұтудын ірін Саянбек аудама, шабакташып қалғанын кірғи.
Себіз мұндағы шебе (Тәмпера-шебе) шебеке шебе
шебе шебе шебе шебе, Қарын, Қарын, Қарын, Қарын, Қарын, Қарын, Қарын,

Ақ сүйек, асыл тұқым түрік елі,
Дұға алған пайғамбардан арғы тегі.
Діні асыл, жаны асыл араб жақын,
Жайлаған «Мекке» менен «Мадинаны».

Түріктің Ғұсман атты патшасы бар
Қақ жарып қара қылды әділ тұрар.
Жатады су түбінде асыл маржан
Патшамыз көркінізге болған құмар.

Шырағым, таба алмайсың Мұстапаны
Бұлақтай көз алдында аққан қаны.
Қырымда байлауда көп жүре алмассың
Мекен қыл бұдан былай Түркияны.

A p z y

- Түрікте жұмысым жоқ, бара алмаймын,
«Жұр» деген тілінізді ала алмаймын.
Ғұсманның аяқ жылытар тоқалы боп,
Сакина сау басыма сала алмаймын.

Мұстапа көз алдында қалған тірі,
Онсыз мен тұра алмаймын сөздің шыны.
Ол үшін отқа жансам арманым жоқ
Патшаңнан маған артық басқан ізі.

Бармаймын мактасан да Түркияна,
Ит бармас Ғұсман патша сұрқияна.
Таяныш қаһарлы жұрт өрісім бар,
Өлмеспін Россия құшағында.

Қанымнан қымбат маған жерім, тауым,
Бөлемен қуанышқа елім жауын.
Былғама теңізімді, арам түрік
Бермеймін өзім түгіл оймақ бауын.

Ә ли

- Ей сұлу, қол сілтеме сөзді тында,
Жалынсам жалтарасың бұл шының ба?
Баласы ер түріктің ашуланса
Тұруың екі талай бұл Қырымда.

Түріктің Ғұсман мырза ақ патшасы,
Бас иген еліміздің кәрі, жасы.
Сол Ғұсман сізді алуға ғашық болды,
Жіберген елшісімін сөздің расы.

Ер жүрек, ежелден оқ етін тескен,
Тау кезгіш, тасты сүзіп, теңіз кешкен.
Фашықтық дағуасына құрбан болып,
Талайдың құрбан қылып қанын ішкен.

Фашықтық атамыздан қалған мирас,
Фашыққа қандай жігіт жанын қимас.
Патшамыз сізге ғашық болған екен
Ендеше сізді әкетпей көңіл тынбас.

Шалқайма, қымбат сұлу, мойыныңды бұр,
Жиекте сізге арнаған кемеміз түр.
Сіз ханым, біз қызметші әр уақытта
Кемеге мінгізейік тезірек жүр.

А р з ы

- Ей жігіт, енді мені зорламаңыз,
Азаптан қоршап тұрған қорғамаңыз.
Күш қылу айуанға да жараспайды
Қорғансыз қызы екен деп қорламаңыз.

Мылжындаپ, құжак жігіт, әуре қылма,
Қызықпа ресейлік сұлу қызға.
Жат елге намыс сатып барғанымша
Олейін тенізімде, Қырымымда.

Деді де Арзы аяңдаپ жүре берді,
Шақырды Эли ымдаپ жігіттерді.
Төрт жігіт іліп ала жөнелгенде
Кемеде Арзы өзін бір-ақ көрді.

Шу деді жүйрік кеме суды тілді,
Артынан қуалады дауыл жынды.
«Қырымның қызын бүгін ұрладық» деп
Толқындар масайрасып сылқ-сылқ құлді.

Жүрегі түріктердің лұпілдеді.
- Ризамын орындалды сертім – деді.
Қырымның қыргауылын жер соктырдым
Әрқашан не істесем еркім деді.

Жем болған көк бөріге Қырым қызы,
Тұскендей жерге ағып көк жұлдызы.
Торғайдай торға тұскен жаутан қағып
Қырыммен амандақан мынау сөзі:

- Қош Қырым, көркем Қырым, гүлді
Қырым,
Қоштасам ба деп ойлап па ем бұдан бұрын.
Қызылшыл құзғындарға тұтқын болды
Баурында киігіндей жүрген қызын.

Білмедім анқаулықпен жаудың сырын
Барасын қалып артта, қайран Қырым.
Тұріктің тұтқыны боп кетіп барам
Жете ме Мұстапаға зарлы үнім.

Қош Қырым, етегің жаз, басың мұнар,
Кеуден қар, көкірегің сенің ызғар.
У ішкен су орнына мен бір сорлы
Әлсізді азық қылды арсыз мұндар.

Шағылған ақ алмаздай шында мұзың,
Жақпар тас, жантайысқан асқар құзың.
Тұріктің төбетіне бенде болды
Қан жүтқан қайғыменен жетім қызың.

Қош тауым, аспан көкке басың барған,
Құшақтап Қара теңіз орап алған.
Жатқанда жанбасынан құс өте алмас
Өкпенді күннің көзі емес шалған.

Қойныңды тұрлі жәндік аралаған,
Мықтысы нашарларын жаралаған.
Қан ағып, жаны шығып жатыр әне
Зар қақсан көр аузында талай адам.

Қош Қырым, аю, қабан, арқар қашқан,
Секектеп, құлан, бұлан бұлдырасқан.
Апай төс айғыр жалды арыстандар,
Құтырып ауызынан көбік шашқан.

Баурында ойнақтаған бұғы-марал
Ақ иық, сабау саусақ қайың мен тал
Келгенде жылдың құсы жыл-жыл сайын
Арзының зарлы даусын сонда есіне ал.

Қош Қырым, туған елдің мекені сен
Мейрімің, жылылығың анама тен.
Мұстапа құшағында қалып барад
Пана бол жаралы ерге етегің кен.

Талай жан Мұстападай еніреген,
Жалтақтап жалғыздықтан жанын жеген.
Сендерге мұн-зарымды айта алмадым
Қош бол, қош, балықшылар бейнеттенген!

Қош бол қош, суды сүзген балықшылар,
Толқынды қарсы ұруға қайық шыдар.
Қапыда қолға тұскен Арзы қыздың
Қоштасқан шер тарқарын жаның ұғар.

Қүшейсін жүректегі қайнаған кек,
Бас име жауыздарға ұлығым деп.
Бостандық нашарларға болсын тезірек
Зорайсын күннен күнгө талап-тілек.

Шалқыған Қара теңіз тұсі сүйк
 Толқынды кетіп барад толқын қуып.
 Көбігін аспанға атып асау толқын
 Бұрқылдайды жиектегі тасты жуып.

Теніздің жағасында сансыз адам
 Ау құрып, балық аршып, жыбырлаған.
 Нан үшін жазы-қысы дамыл көрмей
 Жем іздең, жүрек жалғап, қыбырлаған.

Жиекте бір топ отыр дүрілдескен,
 Бас иіп қайтар емес қыын істен.
 «Не өлу, не кек алу тезірек» деп
 Бірі айтып, бірі қостап бас изескен.

Ішінде осылардың Мұстапа бар,
 Жудеген жәбір көріп, кеткен ажар.
 Қайғылы қара күнді жамылғандай.
 Құрсініп ауыр-ауыр демін алар.

Күн қайда есін жияр балықшыға,
 Ер қайда басшы болар өңшең «құлға».
 Мұстапа оққа ұшып, тауда қалған
 Демендер қалай ғана келген мұнда.

Мұстапа жауға тұтқын болды деген
 Сол күні достарына хабар келген.
 Жолдасты жауға беріп қоймайық деп
 Өзді-өзі қаны қызып дүрілдеген.

Жиылып арасынан кісі бөлген
Күзембай, Сейпі, Құрман, Секен деген.
Төрт жігіт қала ішінен сұрастырып
«Месқорды» ертенді-кеш тынбай кезген.

Жан қалмад бұлар жүріп сұрамаған,
Достарын тірі табу болды арман.
Зынданға қамалғанын білгеннен соң
Бүркіттей тауды сүзіп аралаған.

Байлаулы Мұстапаны алды тауып,
Ес-тұс жоқ ер басына тәнген қауып.
Байлаудан алып шықты азаматтар
Кетіпті бар денесін қаны жауып.

Арқалап келе жатыр кезек-кезек,
Су сұрап жаралы жан қақты безек.
Бұлактың басына кеп дем алысты
Жігіттер кекті ашуын ішке тежеп.

Мұстапа есін жиып, көзін ашты,
Жар үшін өлімге де қиған басты.
Бейнетті бастан-аяқ сұрап біліп
Үрза боп достарына құшақ ашты.

Мырзакқа өздерінше жаза бермек,
Ия үрмақ, ия таламақ, ия өлтірмек.
Бүгінгі Мұстапаға тиген соққы
Күні ертен бәрімізге тиері ақ деп.

Жағада жұмыскерлер гулей тұрсын,
Мырзакты мейлі өлтірсін, мейлі ұрсын.
Арзыны алам деген Мырзак қайдада
Айталық соның жайын көніл тынсын.

XII

Сал Мырзақ үйқы көрмей ерте тұрды,
Киінді жібек киім түрлі-түрлі.
Қоқийып айнаға кеп бойын түзеп
Көрінбек болды Арзыға аса құнды.

Тауықтың қоразындай қоқырайып,
Қарайды айбаттана шақырайып.
Әйтеүір Арзы қызға жағам ба деп
Көрсетпек болды қызға өзін лайык.

Мысықтай сирек мұртын сыйип кезек,
Сықсытып шегір көзін оқтай кезеп.
Отырды жапа-жалғыз кілем төсеп
Бақытты адам болып елден ерек.

Алдына Арзы келіп елестеді,
«Мырзақ жан, меніменен кеңес деді.
Өлгенше мен сенікі, сен менікі
Қызығым басқа жанға емес» деді.

Елбектеп екі қолын ербендетіп,
Кек торғын орамалмен бетін желпіп.
Саусағын сыртылдатты қуанғаннан
Суретін тұнгі төсек елестетіп.

Тырсыиып жүргегінің қаны тасып,
Қол жайды құшактауға мауқын басып.
Елеске көніліндегі елегізіп
Жөнелді «Арзы жан» деп есік ашып.

Арзы жоқ Мырзак келсе сарайына
Деді ол: «Шыққыр көзім нанайын ба?»
Масқара жұрт алдында болдым ба рас.
Тенізге құлайын ба, отқа жанайын ба?..

Жар салды маңайына «атқа мін!» деп
Арзыны табындар деп жылдам іздең.
Ат шабыс өрт шыққандай болды қала
Іздеуші тұс-тұс жақтан шықты лек-лек.

Сайланған самаладай өншең сандак,
Астына жүйрік жорға мінген тандап.
«Месқорды» тас-талқан қып актарып жүр
Құйындағы бұрқылдайды қара шандак.

Қолында қаруы бар мылтық, наиза,
Айбалта, айыр, көсөу, сойыл, сойда.
Төпелеп ерсіл-қарсыл далбандайды
Айқай-шу, Арзы қайда, Арзы қайда?..

Үйіне қара күннің шауып барып,
Сабалап шиелей қып басын жарып.
-Арзыны табындар деп көрдей қысад
Өкіртіп аттарының баурына алып.

Кейбірі жас әйелге жетіп келіп,
Қысады Арзыны айт деп өршеленіп.
Тепкілеп шаштан жұлып арсылдайды
Жараған бурадай боп екіленіп.

Кейбірі жас баланы алды ұстап,
Қорқытып «не көрдің?» деп сұрап қысталап.
Кейбірін құлак бұрап шыңғытады
Кейбірін қорқытады отқа ұстап.

Көргенде балықшының балалары
Жылайды қалмастай-ақ шыбын жаны.
Қайыршы, малшы, жалшы жан көрінсе,
Бөрідей қойға тиген қуалайды.

Босыған, құғын көрген мал-жан түгіл
Құстар да зар қағысты көрмей тыным.
Талайлар бұл шабыстан олжаланып
Орнады талайларға ауыр шығын.

Мырзақтың көзін басты былшық ірін,
«Мен сендік» дегендеге шашты пұлын.
Қой құнын ұстайтұғын орын келсе,
Кесектеп аямады аттың құнын.

Еңбексіз пайда болған дәulet пұлын,
Тап мұндай шашқан емес бұдан бұрын.
Сүзді де судың бойын, құздың ішін
Қырымның табайық деп қызыл гүлін.

Қалмады бал ашпаған бақсы-бәлгер,
Бәрі де зікір салып Арзыны іздер.
Түрікке кеткен Арзы қайдан болсын
Шатасып жын шақырып әуреленер.

Қобызшы қобыз тартып өршеленер,
Айқайладап өнеш созып текке терлер.

Бәрі де құрмандық боп шалынғандай
Күн болса «Мескор» жаққа Арзы келер.

Құғыншы таудың ішін аралап кеп
Қараса байлауында Мұстапа жоқ.
«Арзы ғой Мұстапаны құтқарушы»
Дейді де балықшыға ат қойды топ.

Бастығы құғыншының- «күйеу Мырзак»
Қырымды Арзы үшін талқан қылмак.
«Балықшы не табады, не өлед» деп
Жөнелді бүркыратып шабуылдап.

Теніздің жағасына келді жетіп,
Манағы бір топ отыр гүжілдесіп.
Қарасы Мұстапаның көрінген соң
Қамшының астына алды күмпілдесіп.

Төбелес, ұрыс-керіс болды майдан.
Балықшы қосылды кеп өлде қайдан.
Ер өліп, жан жаралы болып қалды
Тас-талқан қиратылды сауыт-сайман.

Екі топ кеткен кезде араласып,
Қолма-қол төбелесіп, жағаласып.
Балықшы келген жанды қалақпенен
Түсірді топтай қылып жерге жаншып.

Ежелден Мұстапаның жауы Мырзак,
Түсірді қақ шекеден жалғыз-ақ сап.
Ағызды топ ішінде қара қанын
Жауыздың өз қанжарын өзіне сап.

Мырзактың өз қанжары өзін жарды,
Қайраған Мұстапа үшін бұл қанжарды.
Ор қазып жазықсызға жүрген жауыз,
Орында өзі қазған өзі қалды.

Өкіретін доныздай боп Мырзақ жатты
Қолынан Мұстапаның өлім тапты.
Шыдамдай балықшының дүмпуіне
Быт-шыт боп қалғандары елге қашты.

Мырзактың туысқаны молда, ишандар
Тіреген патшаға арқа ылғи паңдар.
Арасын ұлт, ұру қырық пышақ қып
Арадан жем түсірген арам жандар.

Қашқандар молда ишанға жылап барып,
Жығылды аяғына мұнын шағып.
«Қырылдық балықшылар құртатын» деп
Жалынды жәрдем сұрап болысарлық.

Қырымның ишандары қайқы мұрын,
Нашардың тілеп жүрген қырылуын.
«Мырзактың құнын барып алып кел» деп
Татардың аттандырды жүз елуін.

Мес қарын молда, ишандар бір ынғай боп,
Келсе де бұлардан да балықшы көп.
Сақталып Арзы кегі өмірлікке
Төбелес күннен күнге кетті үдең.

Екі жақ төбелеспей түрған күн жок,
Жарлыға тірлік, байға дүние тек.
Балықшы білегіне сыйынғанда,
Мырзалар зан күшімен жаудырды оқ.

Екі жақ екі тап боп сойылдасқан,
Күні жок бір-біріне мойындасқан.
Құйылды Қара теңіз арнасына
Көзден жас, көкіректен қандар аққан.

Әлсіздер қызыл қанға белден батты,
Оқ тиген киіктей боп ақсан қакты.
Жағасы Қара теңіз жанжалменен
У да-шу қол төбелес болып жатты.

XIII

Күні ыстық, тауы шынар түрік жері,
Аң аулап, ит жүгірткен жігіттері.
«Атамыз ер түріктің мирасы»- деп
Жер үшін елді шапқан патша, бегі.

Әйелді кор ұстайды түрік елі,
Бір ерге екі әйелді есептейді.
Бір ерге алпыс қатын аз деп санап
Алуға жүзге дейін ерікті еді.

Түріктің қылышынан талай халық,
Еңкейген амалсыздан дінге барып.
Құртындай өлексенің көп бүлінді
Сол дінге қазақ-тағы улап қалып.

Араб пен түрік тентек бірге шықты,
Нашар ел торғай болып жерге бұқты.
Құл ұстая, күң байлану, ел шабумен
Атанды ол мезгілде түрік мықты.

Қоштасып Қырымменен мұнды Арзы,
Талайды таластырған құнды Арзы.
Қол құші, Қара теңіз толқынымен
Сақ етіп Түрікке де келіп қалды.

Қуанды Fұсман патша ту көтеріп,
- «Жар бол! - деп дін Ислам» шу көтеріп.
Шаттанып есі шықты нөкерлердің
Ғашығы патшасының Арзы келіп.

Арзыны Fұсман сырттан сүйіп еді,
Дөңбекшіп сүйгендіктен күйіп еді.
Келмесе Арзы егер бұл сапарда
Қан төгіп алуға бел буып еді.

Қан төкпей үрлықпенен Арзы келді,
Атағы солқылдатты қара жерді.
Арзының жаңа келген құрметіне
Той қылыш тамашалы шақырды елді.

Той қылды, жиһазы артық палуан сайыс,
Айдады құндік жерге жүйрікті алыс.
Шашуға тойға әкелген сан жетпейді
Дүниені төгіп жатыр жақын, алыс.

Біреу ат әкеп жатыр, біреу бие,
Біреу қой, біреу сиыр, біреу түйе.
Орамал, шаршы шашу, шапан-шатпак
Әкелген алтын, күміс- жүйе-жүйе.

Батырлар билеп кетті патша тойын,
Қызықпен қыздырмакқа көптің бойын...
Қалқан сап, сауыт киіп, тұлпар мініп
Көрсетті алуан-алуан түрлі ойын.

Бійкке байлап қойып жамбы тасты.
Мергендер батырлатып мылтық атты.
Кейбірі шауып жүріп жамбыны атса,
Кейбірі желе жортып садақ тартты.

Бір жүйе ойын салған қыз-келіншек,
Қажымас әзілдесе сөзге еміншек.
Бозбала мұңайып кеп наз айтқанда
Құдайсып үн бермейді қыз еріншек.

Судырап көк құрақтай асыл киім,
Сұлу қыз акқу құстай ол бір жиын.
Қыз құмар жігіттері домбыралы
Тартады он үш шекпен түрік күйін.

Ішінде осылардың Арзы жас гүл,
Болғанда өзге қарға, Арзы бұлбұл.
Құмардың осы тойда шықты білем
Сүйсем деп талай қызды шөлдеген тіл.

Мырзалар Арзыға кеп көріп жатыр,
Алтынды көрімдікке төгіп жатыр.
Қарттары құшіген бас қолын жайып
«Перзентті» бол деп бата беріп жатыр.

Той тарқап Fұсманның да көнілі тынды,
Амалсыз Арзы көнді неках қылды.
Fұсманның он бесінші әйелі Арзы
Бірінен көрген емес үл мен қызды.

Өткізген бала сүймей ұзақ жылды,
Жұдеткен ел патшасын Fұсман сынды.
Қаншама білдірмейін десе-дағы
Тағымды кім басад деп болған мұнды.

Қарт Fұсман бір перзентке болған құмар,
Өзі өлсе тахытына ие болар.
Тұріктің әйелінен көнілі суып
Арзыны алуында осы ой-ақ бар.

Киянат іске әйелдер қалай шыдар,
Бір күнде таңдал барып шын сүйген жар.
Сұлу деп алғандары су мұрын бол
Сарайдан қуылады еніреп зар.

Бұл Fұсман салтанатын адам женбес,
Болған жоқ сол заманда оған теңдес.
Арзының қолы осыған жетсе-дағы
Мұстапа көкейінен кеткен емес.

Киіктей шынжырменен байлаудағы
Сияқты Fұсман оған жыртқыш тағы.
Егерде еріккендер сыр сұраса
Үндемес байланғандай тіл мен жағы.

Есінен шығармайды Мұстапасын,
Төгеді көлдей қылып көзден жасын.
Үш жұма ойнап-күлген қымбат күндер,
Батады сындырығандай қабырғасын.

Алдына әкеледі «Әйбетерін»
Қырымның қызыл гүлді қымбат жерін.
Топырағын туған өлке сағынады.
Аңсайды бір басуға «Месқор» құзын.

Сүйісу, сыйласу да өмір заны,
Тамырлас махаббатпен тұқым дәні.
Ежелден екі жыныс, өсу үрпақ
Өрбіген қос жыныстан адам бәрі.

Арзы қыз Мұстападан болған жұкті,
Арзыдан басқа оны кім біліпті.
Баланы Фұсман патша менікі деп
Мәз-майрам көтеріңкі қуанышты.

Толған соң айы-күні туды бала,
Қуанды түрік елі жүрек жара.
Арзының көзі түсіп езу тартты
Тартқан соң айнымастан Мұстапаға.

Ұл туды, Мұбәрәк деп атын қойды.
Шақырып елі-жүрттың қылды тойды.
«Орнымды өзім өлсем ұстайды» деп
Көнілінен Фұсман патша қайғы жойды.

Түрікке тұтқын болып келген Арзы,
Торғайдай торға түсіп көнген Арзы.
Сарғайды Мұстапаны ойлай-ойлай
Өмірден ауыр қайғы терген Арзы.

Қасыретін ауырлатты мынау бала,
Ұқсапты бір мұлтіксіз Мұстапаға.
Балаға қарайды да жасын төгед
Қамқа тон, есеп емес алтын жаға.

Мақсаты Мұстапаны қашан көрем,
Ант айтқан аманатын қашан берем.
Кешегі тайғақ кешу тар жолдарда
Деп еді «Арзы сәулем, саған сенем!»

Жүдеді жаралы жан шөптей солып,
Сияқты түрған кісі безек болып.
Түріктің патшасындай көнілді емес
Мастанған ат байланып, әруақ қонып.

Бір күні Ғұсман патша жөн сұрады,
-Не пәле, Арзы, саған ұшырады.
Қандай жан қаяу салды көніліне
Гүлім сен, шаң тигізбес бақшадағы.

Егер де мен түрікке патша болсам,
Бұтаққа көнілім сүйген ұшып қонсам.
Түріктің аспандағы күні Ғұсман
Қасында қызыл күннің Арзы шолпан!

Жүдейсің не себептен, Арзы ханым,
Жолында пида сениң шыбын жаным.
Жасырма сырынды айт, ішіндеңі
Мен болсам өмірдегі сүйген жарың.

Арзы терен ойлап, тесе қарап,
Басынан өткен қүннің бәрін санап.

Ұрықсат Мұстапа үшін сұрамаққа
Сөз тартып шу дегенде берді жауап:

-Ей патша, мен Қырымның киігімін,
Оқ тиген жүрегіме күйіндімін.
Ай едік бір уақытта тұтас туған
Мен содан ұшып түскен қындымын.

Жар болсаң мені сүйген сөзіме бақ,
Әділ жан қай құнде де әлсізге жақ.
Айтайын бір әңгіме көзім көрген
Бұл сырға түсінерсіз өзініз-ақ.

Бар еken екі киік осы тауда,
Кездескен талай аң, құс, мықты жауға.
Азулы тырнақтыдан зәбір көрген
Алыстан жоламайтын тор мен ауға.

Аңдыған не заманнан мерген күшті,
Сыбанып қос киіктің жолын тосты.
Кездесіп қос өкпеден көздегендे
Біреуі мұрттай болып ұшып тұсті.

Сұр мерген мерекеге қалды батып,
Алған соң аңдып жүрген анын атып.
Киіктің тамағына пышақ тигенде
Шулады тау, тас, орман қарғыс айтып.

Айрылған арланынан сорлы киік,
Орғыды таудан тауға іші күйіп.
Занымен табиғаттың буаз еken
Дем алды бір аралда белі үйып.

Тағы да жүрген біреу тор сұйретіп,
Үстіне сол киіктің келді жетіп.
Киікті қалжыраған ұстап алды
Тор құрып жан-жағынан қайла етіп.

Аңшының енді мәлім жан алары,
Бауыздап тамағынан қан алары.
Сары кездік кеңірдекке тақалғанда
Сол жерде буаз киік балалады.

Аңшының мейірі тұсті пышағын алды,
Үйіне қаусырмалап алып барды.
Біреуден екеу, екеуден үшеу артық
Деді де арнап бұған сарай салды.

Киікті баласымен асырады,
Қуанып олжасына тасынады.
Жаудырап сол киігің қарап отыр
Қабағы қай мезгілде ашылады.

Тілейді киік байғұс күндіз-түнде
«Босат деп бұл бұғаудан орман гүлге»
Босанса жалғыз сағат түруға жоқ
Ендігі іс сол аңшының ерік өзінде.

Арзының әңгімемен айтқан сөзі,
Қырымға қайта кетпек келсе кезі.
Баласын Мұстапаның тапсырмақ бол
Жұмбакта торға түскен киік өзі.

Тұсінді бұл жұмбаққа Ғұсман патша,
Ойланды болды өзіне таң-тамаша
«Тұлыпқа мәнірекен сиыр мен»- деп
Сөйледі өз көнілін өзі баса.

«Жалғанда жаралы жан екенмін мен,
Жұмбақ сөз маған тиген оқпенен тен.
Сөнбесе бұл жұмбақ сөз тез арада
Алтын бас болып қалар қоңызға жем.

Сырынды жана білдім, долы қатын,
Түріктің шығармақсың жаман атын.
Ғұсманды масқаралап бермекпісін
Қырымдық қалған байдың аманатын...

Жыландаид отырушы ең ысқырынып
Әншейін жүр екенсің іштен тынып.
Көрерміз мақсатына сен жетерсін
Қырылса бірі қалмай қалың түрік».

Деді де ызғарланып жүре берді,
Сыпырып майдайынан аққан терді.
Қызырып екі көзі оттай жанып
Әлиге ашууланып жетіп келді.

- «Әй Әли, сен ақымак бұздың мені,
Қырымнан әкеп едің әлде нені.
Әкеліп буаз қызды қылдың мазақ
Қоям ба енді тірі малғұн сені.

Тұр жылдам, тезден жоғалт Қырым қызын,
Теңізге тастап жібер көрсетпе ізін,
Ғұсманның баласы боп қала берсін
Қамап кет тұрған үйге анау ұлын.

Егерде тірі тұрса Арзы қатын,
Күні ертең бүлінеді салтанатым.
«Мұбәрәк- ол Қырымның баласы» деп
Түріктің шығармай ма жаманатын.

Басыма қарап жүріп салма жара,
Жоғалсын серттен таймас жүзі қара.
Көзіне тірі жанның көрсетпестен
Тастандар суға апарып тұнде ғана!»

- «Құп!» тақсыр деді Әли қол қусырып,
Қайтпайтын қан төгуден бұл бір бұзық.
Арзыны әкелудің арқасында
Шен алып, шекпен киіп, болған ұлық.

Шен үшін адалдықтан Әли безді,
Ғұсманның жай қоймасын тағы сезді.
Арзыны не қылғанмен өлтірмекке
Бел буып, қан ішуге жұмды көзді.

Қасына үш жігітін ертіп алып,
Сол тұні Арзыны іздеп келді салып.
Сұрқия ұсталдың ба деген жандай
Жіберді жарық еткізіп шамды жағып.

-Ия, Арзы, қымбат женгей, келдік сізге,
Келмесін өзіл сөз деп көніліңізге.
Бұл дүние бір керуен көшіп кетер
Тұрмайды мәңгі болып бәрімізге.

Көп созып не қыламыз сөздің артын,
Ғұманың сізге бүгін көңілі салқын.
Жақынның жақындығы осындайда
Біз келдік орында мақ болып шартын.

Жұмбакпен сырынызды білдіріпсіз,
Білдірмей қапияда бұлдіріпсіз.
Елімнен еріп келген бұл бала деп
Сорлының алтын белін сындырыпсыз.

Мұндай сөз патша атына аса жаман,
Сіз емес жөн білмейтін мылқау адам.
Тазару үшін бұдан шарт айтамыз
Шартымыз орындасан мынау саған:

Қойыңыз Мұбәрәкті үйіңізге,
Патшаға тез жүріңіз осы түнде.
Жығылсаң аяғына әзір барып
Қалмайды ешбір кінә, Арзы, сізде.

-Құрбылар шариғатқа жүйрік емен,
Түріктің жолы десен мен де сенем.
Бірақ та Мұбәрәкті жасырмаймын
Расын кімге болса айтып берем.

Мұбәрәк Ресейлік мынау тұрған,
Түрікке мұны сірә бала қылман.
Айта алмай растықты тұра алман,
Салсан да аспа тұзак мойнымыздан.

Баласыз патшаға мен бара алмаймын,
«Жүр!» деген сөзге құлақ сала алмаймын.
Жіберсін ұнатпаса өз жеріме
Мен асая енді қарғып арандаймын...

Дариға, қайда менің Ресейім,
Бұлкілдер Қырым десем көмекейім.
Қанымның қас дұшпаны, түрік саған
Қалмасын басым түгіл тебетейім.

Деп Арзы жолатпады маңайына,
Пәленің сүрінген қыз талайына.
Боларын бір сүмдықтың көнілі сезіп
Шақырды күтушісін сарайына.

Таң атты, жұрт оянды, көз көбейді,
Теңізге сүйрелесе көрер дейді.
«Алдағы тұнде болсын...» десті дағы
Төртеуі үйлеріне бетті қойды.

Әлидің жалшы әйелі құлдың қызы,
Адам деп ескермейді ешкім мұны.
Әлиге тыстан келген есік ашты
Жалпылдаап жалан аяқ кетіп құны.

Әлидің келіншегі сұлу еді,
Тұн бойы үйқы көрмей шығып еді.
Тұндегі қозғалмайтын күйеуінің
Жүргенін бір сұмдыққа біліп еді.

Әлиді колға алды кесе-сала:
-Құрбыннан өнерлі боп шықтың дара!
Қыз андып қырындамақ көнілің бар
Не қылдың? «Қай орында болдың және?»

-Ау қатын, сөзге қонақ берер болсан,
Іс болды тым жасырын бір орасан.
Арзыны Ғұсман «жоғалт» дегеннен соң
Төрт жігіт сонда болдық бұған нансан.

Арзының бауырында емшек емген,
Жас бала өзіменен бірге келген.
«Өзімнің белімнен бұл шыққан ұл» деп
Балаға мейірі түсіп Ғұсман сенген.

Арзы бала жөнін қойған айтып
Патшамыз ашуланып көнілі қайтып.
Бұл өсек басқа елдерге тарап кетсе
Патшаның тірлігінен өлгені артық.

Ғұсманның бұл ашуы бойын кернеп
Бұйырды бізге «Арзыны тез өлтір» деп.
Теңізге тастамақ боп барып едік
Тан атып қалды, қайттық ертенге деп.

Жалшы қыз шоқпыт киім жамылғаны,
Есікте жым-жырт тұрып сөз тындады.
Әлидің жаман ойын білді дағы,
Арзыға айтайын деп аяндады.

Тыңшы қыз жасырын сыр естіп алып,
Жөнелді безек қағып тұра салып.
Арзыға бастан аяқ мәлімдей кеп
Арзыжан, сақтан деді, сөзім анық.

-Бауырым, көп жақсылық қылдың маған,
Не айтайын алла разы болсын саған.
Қырымға енді аттандым, тез кетемін,
Тұрғанда бауырым бүтін, басым аман.

Айнымас ақ жолынан Арзы берік,
Ерлігі ақ жүрекке болған серік.
Ар үшін алтын орда керек қылмай
Патшадан қолын сілтеп шықты безіп.

Арзыға алтын сарай көрменен тең,
Өзіне күркесі артық өсіп-өнген.
Күркеде Мұстапа бар жан жолдасы
Жалғанда тірі жүрсем келем деген.

Қарт Fұсман дәuletке мәз, көрсе қызар,
Болғанмен бүгін патша ертең тозар.
Қолында топты әйел тұтқыны бар
Арзы да мұнда тұрып қалай онар.

Тұрікте Fұсман топ-топ қатын алса,
Тұтқын бол Арзы ару тағы барса.
Ертеден қара кешке зар еніреп
Отырса атанаң ма жақсы ханша.

Қыз сорлы күшті таптың айдауынан
Қаңбақтай домалады дауыл қуған.

«Жалғыздың жары құдай» деген қайда
Жаны ашыр Арзыда жок жақын туған.

Болғанда тұрмыс дауыл, Арзы қаңбак,
Күн туды тағы дағы домаламақ.
Шығар шыңға өрмелесе Арзы ару
Бұл сорлы баспана ғып қайда бармак.

Ер қайда қамқорлыққа алатұғын,
Ел қайда көздің қырын салатұғын.
Арзының арын арлар бір адам жок
Найза алыш жауға қарсы шабатұғын.

Арзылар жылағанда, сықтағанда,
Көрінер бәрі жеңіл ұқпағанға.
Күніреніп көрді бейнет, тартты азап
Шыдады шыбын жаны шықпағанға.

Патшаның әйелдері салып ойнак,
Шақырып сүйгендерін тойын тойлап.
Жаралы ару жанын кім ұғады,
Кім білер жүргендерін нені ойлап!..

Тұрікте Fұсман құрды сән-салтанат,
Әйелді үйір-үйір қойды қамап.
Қырымда Левадия сарайында
Шалқайып патша жатты елді қанап.

Жамылған қара тұнді бүтін халық,
Күн көрді көп кедейлер аулап балық.
Мұстапа осылардың ортасында
Өмірі зая болған көрмей жарық.

XIV

Асай су аспанға атқан түсі сүйк,
Лепірген ойран салып, дауыл қуып.
Тамшысы дертке дауа десе-дағы
Толқынға бара алмайтын байлар жуық.

Көк толқын арыстандай күркіреген,
Ұмтылып алға қарай дүркіреген.
Долданса ауыр-ауыр аударылып
Жатады кейде биік, кейде төмен.

Толқындар аунап, тулас бүйраланып,
Тау-тасқа жиектегі соқты барып.
Солқ етіп зәресі ұшып ышқынады
Қайықты кетсе дауыл қағып алып.

Жиегі асай судың көпіреді,
Сылқылдан тасты теуіп лепіреді.
Жабыла су құдайы келсе-дағы
Жұтам деп бірден бірге секіреді.

Ызалы Қара теңіз көсіледі,
Тұзды су тулас ағып есіледі.
Тау-тасты ішке теуіп сырғытқандай
Жағаны күнде жуып есіреді.

Қырымның солқылдатса тау мен жерін,
Қорқытып қалтыратты дөңес белін.
Көк теңіз қамшы қылып сабалады
Тамаша табиғаттың асай желін.

Аспанды қалың қара бұлт қаптап,
Тұнерді кететіндей езіп таптап.
Далбандаپ, дауылға еріп келе жатты
Тұнеді тұн жамылып тауды жастап.

Таба алмай жанға сая болар орман,
Іздеді бір басына пана қорған.
Жай түсіп, құн шатырлап, нөсер құйып,
Жаралы аң менен құс ынырсыған.

Мәуелеп бақшадағы тұрған жеміс,
Үзілді жерге түсті қалмай тегіс.
Тұқырған тоқсандадағы кәрілер де
Көрмеген бүгінгідей жынды өзгеріс.

Қырда шу... Ойда талқан, суда алыс,
Табиғат бір-біріне шәлкем-шалыс.
Кіртиген қабактары жануарлар
Шайқалды бастан миы болып налыс.

Дәл осы дауыл күні Арзы сорлы,
Қырымға тәуекел деп жүрмек болды.
Қысып ап Мұбәрәкті қолтығына
Кемеге мінбек болып жетіп келді.

Өзгерген кейпі адам танымастай,
Киімі жалба-жұлба ілініп жай.
Аяған матростар орын берді
Сыйлады жас ананы ас аямай.

Шұ... қойып кеме кетті араласып,
Шайқалды су бетінен майдан ашып.
Адасқан ақ маралдай Арзы сұлу
Бөбекін көкірегіне қояд басып.

Кемеде шайқалақтап Арзы келед,
Толқындай бір ойынан мың ой өред.
«Құлымным, әкеңді енді көресің» деп
Емізіп Мұберәкті еміренед.

Алдына Мұстапа кеп елестейді
Сағындым! Келші жаным! Келші дейді –
Артынан Ғұсман, Эли қуып келіп
Қылышын жарқылдатып ол сермейді.

Жан-жағын ажал бейнет алды қамап,
Шағардай жылан болып уы тарап.
Ғұсман мен Мырзақ шығып бір жағынан
Қасқырдай қанды көздер түр анталап.

Бір жақтан молда шығып жол айтады,
Байлардың сөзін сөйлеп мол айтады.
«Сен арам әйелсің деп мұсылманға»
Қауіпті одан жаман зор айтады.

Артынан Эли келіп ақырады,
Шашынан ұстап суға батырады.
Тұбі жоқ қоркынышты ой түйдек келіп
Арзының басын мұлде қатырады.

Кемені төнкергендей дауыл қатты,
Көк толқын жан-жағына жүлқып тартты.
Толқынмен Арзы ойы араласып
Жүрегі жүз құбылып келе жатты.

XV

Мұстапа Қырымда жүр балық аулап,
Басына түсті ауырлық өрттей қаулап.
Қайғырып Арзыны ойлап, шашы ағарып,
Тұн болса үйқы көрмей шығады аунап.

Жан бар ма Мұстападай қайғы тартқан,
Басқаға мұндай қайғы емес батқан.
Бір емес неше түрлі ауыртпалық
Шаян бол Мұстапаны сорып жатқан.

Шешесін тау ішінде қабан жеді,
Зейнеп те сол сапарда өліп еді.
Жоғалды жан жолдасы Арзы сұлу.
Көп тосты хабар-ошар бір келмеди.

Қанғырды қара басы көп ойлаумен
Кек, ашу еркін алып ойын керген.
Жалғыз-ак тәбелеске жаны құмар
Ісі сол осы кезде колдан келген.

Бұл кезде Қырым елі құнде жанжал,
Тәбелес теңіз басы шұлы қамал.
Шығады жанжал, айқай жұмысшыдан
Жұтыққан жокшылықта не амал бар.

Ақы аз, жұмысшыға тамақ та жоқ,
Күні-тұні дамыл көрмейд жұмыс та көп.
Алатын еңбекақысын талап етсе
Үстем тап ұрып-соғып жаудырды оқ.

Ерегіс шайтан тұртсе болып қалад,
Мұстапа осы кезде ойран салад.
Қалақпен кейбіреуін ұрып жығып
Өшіккен кейбіреудің басын жарад.

Жігіт бар әлденеше Мұстападай,
Шығарған дау-жанжалды талай-талай.
Өштескен полиция атаманды
Шыныққан батыр болған сабай-сабай.

Бұларға бірлі-жарым әкім келсе,
«Жұмысты тез бітір» деп бүйрық берсе,
Тындармай жұмыскердің арыздарын
Қылышын жарқылдатып келіп төнсе.

Шап беріп жұмыскерлер ұстап алып,
Дүресін ерсіл-қарсыл салып-салып.
Тас байлап биік жардан құлатқанда
Жоғалад терен теңіз суға барып.

Бастайтын бұл жұмысты Мұстапа еді,
Қостайтын тағы да мол жігіттері.
Қырымның залымдарын таусамыз деп
Өзара тауып алған ақылы еді.

Қырымның бастығының қанын төгіп,
Бәріне қарсы тұрып жауап беріп,
Соғысса ұзақ күнге қиналмайтын
Басына өздерінің алмақ ерік.

Бір күні Қырымдағы барлық басшы,
Алдағы құндері үшін қосты басты.
Біртіндеп басшы адамдар жоқ болады
Қандай да сыры бар деп ақылдасты.

Белгілі, балықшылар төреге қас,
Құреспей төрелермен бұлар тұрмас.
Тезірек басшыларын ұстап алып
Көздерін суға тастанап жоймай болмас.

Жұмыскер арасына кірген желік,
Аузына тәубаларын келтірелік.
Бастығын ұстап алып дарға асып,
Тал тұсте, ел алдында өлтірелік.

Сактанар бұдан былай өздері де,
Жоғалар «көсемінің» көздері де.
Тезірек полиция атқа мінсін
Босатпай құрық салсын сезгеніне.

Деді де қаулыменен бекітті істі,
Бір жерге топтастырыды озбыр күшті.
Асынып қылыш, мылтық айбалтасын
Жан-жаққа полиция аттанысты.

Шаңқай тұс, Мұстапалар қосында еді,
Тілектес жігіттері осында еді.
Сартылдаш жарқ-жүрк етіп
шолғыншылар
Үстіне қапияда жетіп келді.

Ант ұрған келе сала байланысты,
- Сыпыра ит, отырындар қойып істі,
Қырдағы ұлықтарға балық керек
Тұрындар, бітіріндер, бар жұмысты.

Мұстапа орынынан тұра келіп,
Селкілдеп бар денесін ашу керіп.
- Кетіндер, осы арадан өлмей тұрып,
Иттерді сен секілді жүрміз көріп.

Аштықтан ұзак құнге жүре алмаймыз,
Сендердің не ойлайтындарынды біле
алмаймыз.
Ақырма, айуан құсап жөнінді айт
«Тұр» деген айқайына тұра алмаймыз.

Деді де бірін аттан алды жұлып,
Жіберді ашуменен жерге ұрып.
Тағы да біреуіне үмтүлғанда
Құлады окқа ұшып дымы құрып.

Қамалап жан-жағынан тұрып алып,
Жөнелді мойынына шылбыр салып.
Сонынан жұмыскерлер жүгіріп ед
Құлатты мылтықпенен басып салып.

Қалмады, жұмыскерлер шұбай берді,
Естіген жанның бәрі бұларға ерді.
Көкпар қып Мұстапаны полицейлер
Сүйретіп генералға алып келді.

Жаны бар, Мұстапаның дәрмені жоқ,
Иығын тесіп өткен атылған оқ.
Генерал «айтқыз деді жолдастарын
Айтпаса жанын шығар дүрені соқ!»

Полиция Мұстапаны дүреледі,
«Деуші жоқ: тоқтат енді, бұл өледі»
Қашшама азап шегіп қиналса да
Мұстапа жалғыз ауыз үндемеді.

Үш күндей темір үйге қойды қамап,
Алады күнде үш мезгіл сабап-сабап.
«Қан төккіш Мұстапаға сот болад» деп
Күн бұрын қойды елге жариялад.

Сот болды үш күннен соң Мұстапаға,
Бай, молла бәрі кепті тамашаға.
Жұмыскер, кедей, нашар қайыршылар
Түспек боп бұлар келді арашаға.

Сот тұрып жұрт алдында айтты үкім.
«Патшаға қарсы болған бұзық үшін
Өлтіру жазасына бұйырамын
Дарға халық алдында тез асылсын!»

Жөнелді полициялар тұтқынды айдал,
Дары тұр қыр басында қойған сайлап.
Ашулы жұмыскерлер келе жатыр
Босатар Мұстапаны жолын ойлад.



Тұтіккен қабактары қаны қайнап,
Алысад полицейлер кейін айдал.
Ажалдың ала туы көтерілген
Мұстапа дар түбіне барды жайлап.

Дөніне Левадияның мұнар орнап,
Патша отыр жауыздығын өзі қолдап.
Қызығын өлген жанның көреміз деп
Патшаның баласы отыр күліп-ойнап.

Мұстапа шақыр-шұқыр тісін қайрап,
Кеудесін жалаңаштап көзі жайнап,
Арқанға бас сұғардың нақ алдында
Сөйлемді көпшілікке қатты айқайлап.

- Жолдастар! Мен күштімен көп еgestім,
Женем деп тар тұрмыста төбелестім.
Арзының қасиетіне шыдай алмай,
Мінеки ақырында торға тұстім.

Жолдастар! Алдарында мен өлемін,
Қорлыққа басымды имей жәнелемін.
Мен өлгеннен артымда миллион тірі
Кегімді солар алар деп, мен сенемін.

Қош достар, жауларыннан жасқанбаңдар,
Жете алмайд бостандыққа жасқанғандар.
Қанын іш, қанаушының қапысын тап,
Шылбырды босатпаңдар, бос қалмандар.

Сол кезде мойынға кеп тұсті тұзак,
Адамның тұра алмады жүзі шыдап.

Айқай..... шу... қарғыс айтып зұлымдарға
Төбелеспен тарады жұрт кейін шұбап.

Балықшылар бастықтан шықты безіп,
Кетеміз деп жиылды дүние кезіп.
Жазықсыз жаза тартқан Мұстапаның
Құнын алмай халі жоқ тұрар төзіп.

Патшаның жас баласы тұрды елеңдеп,
Дарға асқан жазалыны көремін деп.
Кұлімдеп өз-өзінен мәз болады
Құлдарға мен де жаза беремін деп.

Әкесі баласына күле қарап:
- Жауыңа жеткен күні болма олақ.
Жазала, жанын шығар соққыменен
Болмаса қолдан кетед дәulet пен бак.

... Кіжініп жұмысшылар танысады
Ауыздық тұспегенге басынады.
Егерде басшыларын дарға ассақ
Бұзықтық су сепкендей басылады.

Мұстапа кеңірдектен асылғанда
Аузынан қанды көбік шашылғанда.
Тыпырлап аяқ, қолы тұрды ербендей
Екі көз алақандай ашылғанда.

Ақ патша баласымен тұрды қарап,
Мұстапа жиырылады минут санап.
Қиналған жаны шықпай жас жігітті
Мазактап құлкі етеді ол табалап.

XVI

Арзыға бұл уақыға емес мәлім,
Білмейді Мұстапаның асылғанын.
Жетем деп жан ұшырып келе жатыр
Тапсырмақ жалғыз ұлы Мұбәрәгін.

Арзы ару Қырым жаққа қашқан күні,
Бір әйел біліп қапты бұл сорлыны.
Ғұсманның жары қашты баланы алып
Дегенді түрік біліп, жолды торды.

Тұрар ма Әли бұзық енді шыдап,
Бұрқанды бурадай боп қылмай тұрак.
Мініп ап жел кемеге қуды Арзыны
Ниеті қолға түссе талқан қылмақ.

Аямай жел кемені екпіндettі
Ак туын Түркияның желкілдettі.
Толқыннан басым болып Әли залым
Кемені дірілдетіп селкілдettі.

Аспанға теңіз қарғып тасынғанмен
Тұтқынды қорғап толқын шашылғанмен.
Заманы қаулап тұрған Әли жауыз
Қасқырдай қанды ауыз іздеген жем.

Асынып жалактайды қанжар, қылыш,
Тайынар емес жаудан болса да ұрыс.
Қасында ұш жолдасы бірге келед
Киініп шынжыр сауыт, болат құрыш.

Месқорға келіп қалды Арзы-дағы
Тұсуге үміттеніп жақынадады.
Сонынан құғыншы да келіп жетті
Ашылған бұл сорлының қашан бағы? ..

Кемеге «тоқтаңдар!» деп әмір берді
Іздеген қашқынымыз сенде деді.
Жау жетіп қалғандығын білгеннен сон
Шыдамай Арзы бойы дірілдеді.

Жау жетті әлсіз жүрек соқты қатты,
Жау үні жан сезімін шымырлатты.
Қактығып екі кеме бір-біріне
Теңселіп қабырғадан суға батты.

Секіріп бір кемеден бір кемеге
Құныққан құғыншылар дөнгеледі.
Соқтығып сумаң қағып сұрқиялар
Топтанып келіп тұрды ашық жерге.

Арзыны алды сүйреп қуыстағы
Адамның онай екен сұыспағы.
Қолынан Мұбәрәкті жұлып алып
Әлидің кетті өртеніп шыбын жаны.

- Ия, қашқын, жұзі қара, шапшаңырақ,
Соныма ер, Қырым саған болмас тұрақ.
Егер де қайсаrlанып тіл алмасан
Төгілед қара қаның көрші шыдан!

Ия, қашқын! Құтылмассың енді бізден,
Кейін қайт, түрікке жүр – тілек сізден.
Егерде қарсылассан безірендеп
Жалғаннан жан боларсың күдер үзген.

Ия, қашқын, аяғынды бас тұл боларсын,
Кесіліп қос бұрымың күн боларсын.
Егерде осы арада сыр шығарсан
Тұтілген сабаудағы жүн боларсын.

Ия, қашқын, бұл арада сырды ашпа!
Түріктің абройын жерге баспа.
Жауына бас имеген түрікбіз біз
Жазанды тарттырармын әзір саспа.

Жиылды матростар бұл айқайға
Аң-тан боп десті шулап жай ма, жай ма?
Кемеге кірген жауды алды орап
Басынасын кімді сен, басың қайда?

Арзы да бұдан кейін белең алып,
Қарады жауларына көзін салып.
Әли мен офицерге кезек қарап
Сұрады бір-екі ауыз сөз жалынып.

- Кеменің әміршісі офицері,
Ей, мырза, екі ауыз сөз берші – деді.
Түріктер содан кейін сойып жесін
Козыдай көгендегі тұрған мени.

Қарады Эли сонда қабақ түйіп,
Қораздай бар қайратын бойға жиып.
Мақтанып Арзыны ұстап алғанына
Көрінді «Әйбетерден» өзі биік.

Арзы ару бар киімін шешіп алышп,
Денесін белдемшемен жаба салышп.
Шағылып ақ денесі күміс суға
Отырды бір жар тасқа жүзіп барышп.

Тарқатты тал жібектей қара шашын,
Ар көрді жауға июге ару басын.
Тұрса да өміріне қатер төніп,
Төкпеді қара көздің ыстық жасын.

Арзы отыр тұңғиықтан қарап күнге,
Кім білер күткен оны күн бе, тұн бе?
Шолпандай жарқылдайды қара көзі
Кім бар деп ара түсер өміріме.

Әлидің қарап тұрып есі шықты
Дей берді: «Сейле Арзы, сөйле, сөйле!

Арзының қолтығында Мұбәрәгі
Шырқырайт судан қорқып сәби жаны.
Жабысып анасының арқасына
Тенізге ыстық жасы тамшылады.

Жағада жүрген жандар көріп қалды
Жалаңаш жан, жас баланы қөзі шалды.
Арзыны түрік алышп кеткеніне
Ар көріп Қырым елі ызаланды.

Кенеттен кез боп қалған оқиғаға
Жиылып жар басына қатын-бала.
«Арзы – деп анау жартас үстіндегі!»
Шулады жиылған жұрт көре сала.

Қара тас сегіз қанат киіз үйдей,
Жартасқа Арзы келді дыбыс бермей.
Бір кезде тау көшіріп айқай салып
Сөйледі түйдек-түйдек қолын сермей.

- Да, Қырым, асыл қоныс туған жерім,
Кіндік кесіп кірімді жуған жерім.
Адасқан жетім қызың келді қайтып
Ұмытпай туған жерін, туған елін.

Елімді, жерімді де іздеп келдім,
Тұрғытқын тұтқыны да болып көрдім.
Жат жұртқа қапылыста пендे болып
Жете алмай самалыңа еніредім.

Тұрмысың аман есен, «Әйбетерім»
Баурыңа тағы айналып келдім сенің.
Жатырқап қалған болсаң таны мені
Әйелі Мұстапаның Арзы едім.

Тұрсың ба аман-есен, Месқор қалам,
Жылаған келді міне Арзы балан.
Баланың қеудесінде шыбыны бар
Ғашығым Мұстапаны қайдан табам?

Мұстапа жаным қайда, сүйген жарым?!

Көрер ме аман-есен Мұбәрәгін!

Ұрлатып Ғұсман патша алдырса да

Әкелдім бөбекінді, алшы жаным!

Ғұсман да өзімсінді Мұбәрәкті

Бұл зорлық қабырғама тастай батты.

Баланды өз қолына тапсырам деп

Баяғы сертпен Арзы саған тартты.

Мұстапа, көрінсөңші көзіме бір

Сені іздең сорлы Арзы зарланып тұр.

Бірге өлсек арманым жоқ осы арада

Тіл қатпай сүйген жарым қай жақта жүр?

Жан сәулем, таянып тұр өлім маған

Алып тұр қылқындырып жау жағадан.

Тұріктің топастарын келдім таптап

Сен үшін өлер болсам мен садаған.

Бауырымда жалғыз ұлын құлыншағын,

Бір көріп иіскеші тұлымшағын.

Алдына ұлы-қызы келер ертен


Жалғыздың жау ұрттаса ыстық қанын.

Әкеткен мені ұрлап Әли жауыз,

Артымнан қуып келіп тұр жалмауыз.

Ғұсманның қарғылаған тәбеті ол

Мылтығын кезеніп тұр қанды ауыз!..



Дегенде гұрс етті мылтық күшті,
Теңізге Арзы сұлу ұшып тұсті.
Шыр-р-р етті баурындағы жас бөбегі
Қара су қағып алып бір-ақ жұтты.

Су бетін алып кетті қанды көбік,
Оққа ұшып екі балғын қалды сөніп.
Күрсініп көк толқындар тулап жатты
Арзының жібек шашын кезек өріп.

Толқындар ашуланып тасып, тулап,
Жауызға қарғыс айтты улап-шулап.
Арнасын «Әйбетердің» солқылдатты
Аспанға суын шашып будақ-будақ.

Қарайып қара бұлт келді төніп,
Құн беті айғызданды нұры сөніп.
Тау-тасты найзағайы атқылады
Жер-көктің көкірегі күніреніп.

Жазықсыз екі жүлдyz суга батты,
Жас бөбек су астында иек қақты.
Құнірентіп Қырым қызы қайғы-зарын
Тау, тас, шың, ан, құс, орман шулап жатты.

Қырым – Орал – Кереку
1930 - 1931




Ғалым Малдыбаев, бәйбішесі Құлшәй
Нұрпейісова, інісі Жангали, Қазақстан халық
жазушысы Дихан Әбілов зайыбымен 1932 ж.



1972 ж.



1975 ж.



1975 ж.



Ақынның жанұясы, 1964 ж.



Есіл алқасы, 1955 ж.

ISBN 978-601-322-596-8



9 786013 225968